

05



ДОСАЛЫ САЛҚЫНБЕК:
«КӨК БАЙРАҚА
ДЕГЕН ҚҰРМЕТ БИІК БОЛҒАН
ЖЕРДЕ, ҰЛТТЫҚ
РУХ ТА АСҚАҚ БОЛАДЫ»

09



АЯПБЕРГЕН ТАУБАЕВ:
«БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ –
ESIL UNIVERSITY-ДІ ӘЛЕУЕТИ
ЖОҒАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТ РЕТІНДЕ ДАМУ»



БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com



QAZAQ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 22-25 (1337), 03-24.06.2026

+7 (701) 505 48 48



+7 (777) 797 77 88



qazaq1913gazeti@gmail.com



qazaq1913_



qazaq gazeti



qazaq1913

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267-ші санынан қайта жаңғыртты

→
03

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ:

ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ЖОЛЫ



ФОТО: ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Бүгінгі елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігі ғылымның даму деңгейімен тікелей сабақтас. Ғылым енді тек білімнің бір саласы ғана емес, мемлекеттердің әлем алдындағы беделі мен бәсекеге қабілетін айқындайтын негізгі күшке айналды. Сондықтан, жаһандық кеңістікте өз орнын айқындауға ұмтылған Қазақстан үшін ғылымды өркендету стратегиялық маңызы зор бағыт болып отыр.

ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР: ҒЫЛЫМ МЕН ТАБИҒАТ АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС → 04

→
02

АСТАНА-МӘСКЕУ:

ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУ КӨРШІЛІКТІҢ ЖЕТІ НЕГІЗІ



ФОТО: AKORDA.KZ

Қазақстан мен Ресейдің шекарасы мыңдаған шақырымға созылып жатыр, құрлықпен де, теңізбен де шектеседі. Бұл екі ел арасындағы әлемдегі ең ұзын үздіксіз құрлық шекарасы, оның ұзындығы – 7 598,8 шақырым (Канада-АҚШ шекарасының ұзындығы – 8 891 шақырым, бірақ онда Аляска мен АҚШ континенттік штаттары арасында алшақтық бар). Сондықтан, Астана мен Мәскеу арасында мызғымас достық пен тату көршілік дегеніміз әшейін үгіт-насихат ұраны емес, халықтарымыздың бейбіт тіршілігінің мәні екенін айтпасқа болмайды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында ҚР мен РФ арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан және Ресей халықтары арасындағы достық пен тату көршіліктің жеті негізі туралы Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Оны Ақорданың ресми сайты жариялады.

ЖАҚЫП АҚБАЕВ – 150: АЛАШТЫҢ АРДА ТУҒАН БІР АРЫСЫ ҰМЫТ ҚАЛА МА? → 10

→
06

«E-QURYLYS» ЖҮЙЕСІ:

ЖАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯЛАРДЫҢ ДӘУРЕНІ ӨТТІ МЕ?



КОЛЛАЖ: АЙНУР ҚАЙРАТБЕК ҚЫЗЫ

Қазақстан Үкіметі құрылыс саласын бұрынғыдай «қолмен басқарудан» ресми түрде бас тартып, оның орнына тұтас цифрлық бақылау жүйесін енгізуге көшті. Үкімет басшысы Олжас Бектенов көлеңкелі құрылыс компанияларын нарықтан ығыстыруға бағытталған жаңа жоспарды таныстырды. Енді бұл саладағы басты құралдар – жасанды интеллект, автоматтандырылған реестрлер және «таңбаланған» қаржы болмақ. Осылайша, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлықты жою жұмыстарын басым бағытта жалғастыра береді.

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ –

QAZAQ

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ТОҚТАМАЙДЫ.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтпайсыз. Сіз ол үшін газеттің Kaspi Gold [4400 4302 2639 4614] картасына қажетті ақшаны [7 айға – 4 700 теңге] аударсаңыз, аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, ЖСН нөміріңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті. Содан кейін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға Сізді газетке жаздыртады. Түбіртек жібереді.

ЖАЗЫЛУ
«ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ
БАРЛЫҚ
БӨЛІМШЕЛЕРІ
АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

жеке жазылушылар үшін

64048

мекемелер мен ұйымдар үшін

14048

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:
жеке жазылушылар үшін \ 64048

6 айға - 4 035 теңге

АУЫЛДЫҚТАРҒА:
мекемелер мен ұйымдар үшін \ 14048

6 айға - 5 323 теңге

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:
мекемелер мен ұйымдар үшін \ 14048

6 айға - 6 600 теңге

■ БЕРІК БАЙЛАНЫС ПЕН ОРТАҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘРІПТЕСТІК

Бүгінде әлем күрделі әрі қарқынды өзгерістерді бастан өткеріп отыр. Халықаралық қатынастар жүйесі ауыр сын-қатерлер мен қауіптерге тап болды, жаһандық тұрақсыздық пен сенім дағдарысы белең алып, қауіпсіздік пен орнықты дамуды қамтамасыз етудің қалыптасқан тәсілдері қайта қаралуда.

Қазақстан мен Ресей орнықты дамуға жол ашатын әрі халықаралық ахуалды тұрақтандырып, түбегейлі сауықтыра алатын неғұрлым әділетті әлемдік тәртіпті қалыптастырудың баламасы жоқ екеніне сенімді.

Осындай кезеңде өзара құрметке, тату көршілікке, ұлттық мүдделерді ескеруге және тең құқылы әріптестікке сүйенген мемлекетаралық ықпалдастықтың берік әрі уақыт сынынан өткен негіздері айрықша маңызға ие.

Елдеріміз арасындағы байланыс дәл осы қағидаттарға негізделген тығыз тарихи тамырластыққа, өзара қолдауға және екіжақты тиімді ынтымақтастыққа сүйенеді. Осыған орай Қазақстан және Ресей халықтары арасындағы достық пен тату көршілік қатынастардың мынадай негіздерін нығайтуға күш-жігер жұмсалады.

■ БІРІНШІ НЕГІЗ – ТАРИХИ ТАМЫРЛАСТЫҚ

Қазақстан мен Ресей халықтарының тарихы тығыз байланыста өрбиді. Халықтарымыз әртүрлі кезеңдерді бірге өткеріп, ауыр сынақтарды еңсерді, елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жеңіс ортақ жадымызда ерекше орын алады. Халықтар нацизмге қарсы іргелі күрес жүргізіп, майданда ерлік көрсетті, тылда жанқиярлықпен еңбек етті. Өткен тарихты объективті және сындарлы бағалау халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтып, жікке бөлінудің алдын алады.



ФОТО: AKORDA.KZ



АСТАНА-МӘСКЕУ:

ДОСТЫҚ ПЕН ТАТУ КӨРШІЛІКТІҢ ЖЕТІ НЕГІЗІ

01-беттен

■ ЕКІНШІ НЕГІЗ – ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

Қазақстан мен Ресей Еуразиялық экономикалық одақ негізінде экономикалық интеграцияны дамытады. Бұл бірлестік азаматтардың әл-ауқатына оң әсер етеді, ортақ нарықтарды, тауарлар мен қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етеді. ТМД форматында ынтымақтастықты тереңдету, сыртқы байланыстарды кеңейту және ҰҚШҰ әлеуетін одан әрі жетілдіру маңызды.

■ ҮШІНШІ НЕГІЗ – ОРТАҚ ШЕКАРА

Елдерімізді әлемдегі ең ұзақ және үздіксіз жалғасқан құрлық шекарасы біріктіреді. Бұл шекара тұрақтылықты, экономикалық байланыстарды, өңіраралық ынтымақтастықты нығайту факторы болып саналады. Шекара маңындағы елді мекендерге қолайлы жағдай жасау, тарихи байланыстарды сақтау және нығайту, көші-қон саласындағы сындарлы ықпалдастықты қамтамасыз ету маңызды.

■ ТӨРТІНШІ НЕГІЗ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Қазақстан мен Ресей экономикасы бір-бірін толықтырады. Екіжақты сауда белсенді дамып, көлік-логистика кеңейіп, өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық тереңдейді. Бірлескен инвестициялық жобалар іске асырылып, мыңдаған жұмыс орындары ашылады, заманауи технологиялар енгізіледі. Шағын және орта бизнестің рөлі ерекше, ол жаңа нарықтарды игеруге, инновациялар мен цифрлық шешімдерді ілгерілетуге ықпал етеді.

■ БЕСІНШІ НЕГІЗ – ТІЛДІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӘРТҮРЛІЛІК

Елдеріміздің ортақ мәдени мұрасын сақтау, гуманитарлық алмасулар мен бірлескен жобаларды қолдау маңызды. Өркениеттердің әртүрлілігін құрметтей отырып, ұлттық дәстүрлер мен рухани құндылықтарды сақтау және дамыту қарастырылады. Көптілділік білім алу, кәсіби даму және гуманитарлық ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

■ АЛТЫНШЫ НЕГІЗ – ЖАСТАР, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ СПОРТ

Қазақстан мен Ресейдің болашағы жас ұрпаққа байланысты. Академиялық алмасулар, бірлескен білім беру бағдарламалары, студенттік және ғылыми бастамалар, жоғары оқу орындарының филиалдары, екі елдегі мектептер және олимпиадалар ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосады. Бұл жастарға кәсіби және адами дамуға мүмкіндік береді. Спорт саласында халықаралық іс-шараларды өткізу ынтымақтастықты күшейтеді.

■ ЖЕТІНШІ НЕГІЗ – БОЛАШАҚҚА ОРТАҚ КӨЗҚАРАС

Қазақстан мен Ресейдің алдында технология, экологиялық қауіпсіздік, экономикалық орнықтылық, әлеуметтік әділдік және азаматтардың өмір сапасын арттыру міндеттері тұр. Бұл мәселелерге тиімді жауап беру тұрақты диалог пен бірлескен жұмыс арқылы ғана мүмкін. Елдеріміздің қатынастары тең құқықты серіктестік, стратегиялық одақтылық және тату көршілік қағидаттарына сүйеніп, сенімді әрі тиімді дамуы тиіс.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Сонымен, өткен жұмада Ресей Президенті Владимир Путиннің үш күндік Қазақстанға мемлекеттік сапары аяқталды. Бұл сапардың тек саяси емес, экономикалық және стратегиялық бағытта маңызды екенін аңғартты. Жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында экономика, қорғаныс, медицина, цифрландыру және көлік-логистика бағыттарын қамтитын құжаттар қабылданды.

Өткен жылдың қорытындысы Қазақстан мен Ресей арасындағы экономикалық байланыстардың стратегиялық маңызын тағы бір мәрте айқындады. Екі ел арасындағы тауар айналымы 27,4 млрд долларға жетті. Тараптар енді көрсеткішті 30 млрд долларға дейін ұлғайтуды кезеңдетіп отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин осыған дейін 38 рет жеке кездескен. Ресей Президенті ең көп барған елдердің қатарында Қазақстанның алдыңғы орынын көрінуі де ықпалдастықтың жоғарғы деңгейін аңғартады.

Есбол ҚУАТУҒЫ



ФОТО: AKORDA.KZ

• Қазақстан мен Ресейдің Мәңгілік достық аллеясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин емен ағашын екті. Бұл рәсім екі мемлекет арасындағы өзара құрметтің, берік достық пен көпқырлы ынтымақтастықтың белгісін сипаттайды.

• Қазақстан мен Ресей президенттеріне өнеркәсіп кооперациясы саласындағы бірлескен жобалар көрсетілді.

Бүгінде елімізде 3,5 мың бірлескен кәсіпорын және ресейлік капиталы бар 17 мыңнан аса компания жұмыс істейді. Қазақстан мен Ресей өнеркәсіп кооперациясының портфелі жалпы құны 52,7 миллиард долларды құрайтын 177 бірлескен жобадан тұрады. Осы арқылы 60 мыңнан аса жұмыс орны ашылмақ.

Жобалар металлургия, мұнай химиясы және машина жасау салаларында табысты жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Павлодар облысында теміржол саласындағы бағыттама бұрмаларын және тұтас илектелген дөңгелектер өндіруге арналған кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Ең ірі жобалардың бірі – Атырау облысындағы полипропилен өндірісі. Қарағанды облысында бірлескен шина зауыты, Қостанай облысында шойын құймаларынан жүк көліктерінің бөлшектерін шығару жобасы іске қосылды.

Қазіргі уақытта химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру және шикізат өңдеуді дамыту бағытында жалпы сомасы 10 миллиард долларды құрайтын 24 жоба жүзеге асырылуда. Аталған өндірістерді іске қосу жаңадан 11 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

• Қазақстан мен Ресей президенттеріне Амур жолбарыстарын жерсіндіру жобасы таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путинге көрсетілген бейнероликте төрт Амур жолбарысын «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты аумағына жіберу сәті таспаланған. Жолбарыстарды бақылап отыру үшін табиғи ортаға жібергенге дейін оларға жерсеріктік қарғыбау орнатылды. Бұл бастама Қазақстандағы жолбарыстар популяциясын қалпына келтіруге және әлемдегі биоалуантүрлілікті сақтауға зор үлес қосады.

• Екі ел басшылары онлайн-форматта «Қазақстан – Сириус» халықаралық білім беру инфрақұрылымының капсуласын салу рәсіміне қатысты.


Келешек кешеннің іргетасына рәміздік капсуланы елордалық оқушылар Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменовамен, «Сириус» федералдық аумақ кеңесінің төрағасы, «Талант и успех» қорының жетекшісі Елена Шмелёвамен бірге салды.

«Қазақстан – Сириус» жобасы мемлекеттер басшыларының уағдаластығына сай іске асырылып жатыр. «Сириус» моделі бойынша еліміздің екі қаласында білім беру ошағы құрылады. Астанамен қатар Биыл қаңтар айында Алматы қаласында да мектеп пен орталықтың іргетасы қаланды.

• Екі елдің көлік министрліктері «КамАЗ» жария акционерлік қоғамымен бірлесіп, жүк автокөліктерінің жүргізушісі қозғалысын сәтті іске қосты. Көліктер «Жаңа жол» өткізу бекеті арқылы Қазақстан-Ресей шекарасын бір уақытта кесіп өтіп, межелі пунктке қарай сапарын жалғастырды.

Жүргізушісіз жүк автокөлік құралдары әлемде алғаш рет осындай форматта үш мың шақырымға жуық қашықтықты екі тәулікте жүріп өтіп, сапар уақытын екі есе қысқартты. Жаңа технологияларды қолданудың арқасында бұл бағыт екі тәулік ішінде еңсерілді.

Әріптестікті тереңдету мақсатында тараптар жобаны одан әрі дамытатын институционалдық база мен қажетті инфрақұрылым қалыптастыру жұмыстарын жалғастыра береді.



ЖОЛАУШЫЛАРДЫ ҚУАНТАТЫН ЖАҢА БАҒЫТТАР

ЖАЗДА ҚАЗАҚСТАНДА ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР МЕН ӘУЕ РЕЙСТЕРІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Жазғы маусымда жолаушылар сұранысын өтеу үшін Көлік министрлігі туристік бағыттар бойынша қатынасты кеңейтеді. 16 маусымнан бастап Астана, Алматы, Қарағанды секілді ірі қалалардан Достық пен Балқаш шипажайларына қатынайтын 15 қосымша пойыз бағыты іске қосылады. Бұл жазда тағы 550 мың қосымша орын ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, вагондар саны көбейеді. Пойыздардағы вагон саны орта есеппен 19-21-ге дейін ұлғаяды.

1 маусымнан бастап Қарағанды – Балқаш бағытында жаңа пойыз қатынайды. Әуе тасымалы бойынша да Балқаш, Үржар және Үшарал бағыттарына аптасына 7 рейске дейін қосымша ұшақтар қойылады.

Ең маңыздысы – бұл бағыттардағы билет бағасы әлеуметтік тұрғыдан қолжетімді болады және 16 мыңнан 20 мың теңгеге дейін сақталады. Үкімет ішкі туристік бағыттарды субсидиялауға 6,4 млрд теңге бөлген.

Астанада өткен Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) саммиті мен V Еуразиялық экономикалық форум бұрын байқап жүрген кезекті интеграциялық жиындардың бірі болмады. Бұл жолғы басқосуда одақтың болашағы тариф, кеден, логистика немесе тауар айналымы шеңберінен әлдеқайда кең қаралды. Және болашақты басқа президенттерден анағұрлым алысырақ және дөп көріп отырған Қасым-Жомарт Тоқаев оны дәл формуляция жасай алды. ЕАЭО елдері жаңа технологиялық дәуірде өз орнын таба ала ма?

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДӘУІРДЕ ӨЗ ОРНЫН ТАБА АЛА МА?



ФОТО: AKORDA.KZ

Мемлекет басшысы әлем экономикасы терең трансформация кезеңіне кіргенін, сондықтан жаңа табыс көздерін іздеу ЕАЭО елдері үшін стратегиялық басымдыққа айналуы тиіс екенін айтты.

– Ұлттық экономикалардың ұзақмерзімді орнықтылығы мен болашақтағы орнын сайлауы жаңа технологиялық сын-қатерлерге жедел бейімделуіне тікелей байланысты, – деді Президент.

Бұл ЕАЭО үшін өте маңызды сигнал. Себебі, одақ ұзақ уақыт бойы негізінен дәстүрлі экономикалық артықшылықтарға сүйеніп келді. Ол – шикізат, өнеркәсіп, еңбек нарығы, көлік дәліздері, азық-түлік қауіпсіздігі, кедендік жеңілдіктер еді. Бірақ, әлемдік экономика енді басқа логикаға көшіп жатыр. Бұрын бәсеке арзан ресурс пен кең нарық үшін жүрсе, қазір бәсеке дерек, алгоритм, жасанды интеллект, робот техникасы, биотехнология, энергия сақтау және кванттық есептеу үшін жүріп жатыр. Ал, Қасым-Жомарт Тоқаев осы өзгерістің табиғатын дәл сипаттады.

– Жаппай цифрландырудан бастап жасанды интеллектіге дейінгі технологиялық прогресс толқыны бірінен соң бірі туындап жатыр. Осылайша, технологиядағы әрбір жаңа белең озық ойлы адамдарға мүмкіндік сыйлайтын келесі соны серпіліске негіз қалайды, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл жерде Президенттің ойы тек цифрландыру туралы емес. Әңгіме ЕАЭО-ның жаңа экономикалық моделін қалыптастыру туралы болып отыр. Егер одақ бұрын физикалық тауарлардың еркін қозғалысына көбірек мән берсе, енді цифрлық өнімдердің, деректердің, технологиялық шешімдердің және интеллектуалды капиталдың қозғалысы шешуші факторға айналады.

Саммиттің басты ерекшелігі де осында. Астанада ЕАЭО алғаш рет жасанды интеллектіні интеграцияның шеткі тақырыбы емес, өзегіне айналдырды. Президент келтірген болжамдар бұл процестің қаншалықты үлкен экономикалық масштабқа ие екенін көрсетеді. Ұзақмерзімді болжам бойынша, 2035 жылға қарай әлемдік робот техникасы нарығының көлемі 376 миллиард доллардан асады. Ал, виртуалды шынайылық индустриясындағы қаржы айналымы 700 миллиард долларға жуықтайды. Бұл енді фантастика емес, жаңа индустриялық шындық.

Осы тұрғыдан алғанда, Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біздің елдеріміз осы жаһандық жаңашылдықтардан кенже қалмауға тиіс» деген сөзі ЕАЭО үшін негізгі қорытынды тезис деуге болады.

Айбар ОЛЖАЕВ,
қаржы сарапшысы



ФОТО: ҚР ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСТАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ:

ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ЖОЛЫ

01-беттен

Көмір өндіру, темір кенін игеру, болат қорыту және қара металдар прокатын шығару салаларында зор табысқа жетті. Сонымен қатар, Қазақстан қорғасын, мыс және титан өндіру бойынша алдынғы қатарға шықты.

Осындай өндірістік серпілістің артында Академия ғалымдарының ғылыми ізденістері мен жаңалықтары тұрды. Әсіресе, геология мен металлургия салаларындағы зерттеулер қазақ жерінің бай қазынасын тиімді игеруге жол ашып, республиканың ірі индустриялық аймақтардың біріне айналуына мүмкіндік берді. Бұл ғылым мен экономиканың бір-бірімен тығыз сабақтас екенін айқын дәлелдеді.

1976-1991 жылдар аралығы отандық ғылым тарихындағы ең мазмұнды, ең өнімді кезеңдердің бірі саналады. Бұл дәуір 1976 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының 30 жылдық мерейтойының салтанаты түрде аталып өтуімен ерекшеленді.

Осы уақытқа қарай республика ғылыми қуатты зияткерлік әлеуетке ие болып, ғылыми-зерттеу мекемелерінің кең тармақталған жүйесін қалыптастырды. Ғылым өзінің институционалдық дамуының ең жоғары деңгейіне жетті. Мәселен, 1978 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамында 51 академик, 74 корреспондент-мүше, 200 ғылым докторы және 1500-ден астам ғылым кандидаты еңбек етті.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғылым саласы мүлде жаңа кезеңге қадам басты. Бұл уақыт күрделі сын-қатерлермен қатар, ғылымды жаңа нарықтық жағдайға және жаһандық ғылыми үдерістерге бейімдеуді талап етті. Осы кезеңді дағдарыс, реформалау және біртіндеп қайта жаңғыру дәуірі деп сипаттауға болады.

КСРО-ның ыдырауы ғылым саласына ауыр соққы болып тиді. Қаржыландыру күрт қысқарып, бұрынғы ғылыми байланыстар үзілді. Ғылыми тұрақтылық әлсіреп, көптеген зерттеу нәтижелері мен ғалымдардың еңбегі сұранысыз қалды.

Дағдарыстың ауқымы статистикалық мәліметтерден анық көрінеді. 1990 жылдан 2000 жылға дейін ғылым саласындағы ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары қызметкерлерінің саны 52 мыңнан 12 мың адамға дейін азайды. Яғни, ел 40 мыңнан астам жоғары білікті маманынан айырылды.

Республикадағы ғылыми қызметкерлер саны да екі есеге жуық қысқарды: 27,6 мыңнан 14,8 мың адамға дейін төмендеді. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге бөлінетін мемлекеттік дотациялар бірнеше есе кеміді. Көптеген ғылыми институттар жабылып, материалдық-техникалық база ескіре бастады.

Мұның бәрі отандық ғылымның дамуына аса қолайсыз ахуал қалыптастырып, ондаған жыл бойы жиналған ғылыми әлеуетке зор қауіп төндірді. Соның салдарынан «ми ағымы» күшейіп, жоғары білікті ғылыми мамандар коммерциялық салаларға немесе шетелдерге кетуге мәжбүр болды.

■ ҒЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫRTУ ЖОЛЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы күрделі ахуалды терең түсінген мемлекет ғылым саласын сақтап қалу және оны жаңа заман талабына бейімдеу үшін құқықтық әрі институционалдық негіз қалыптастыруға кірісті.

Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – 1992 жылы «Қазақстан Республикасының ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы» Заңның қабылдануы болды. Бұл заң тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғылымды дамытудың басты қағидаттарын айқындап, оның құқықтық мәртебесін, мемлекеттік қолдау тетіктерін және ғылыми саясаттың негізгі бағыттарын алғаш рет нақтылап берді.

Кейінгі жылдары ғылым саласында ауқымды институционалдық өзгерістер жүзеге асты. 1996 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясы (ҚазКСР ҒА құқықтық мирасқоры), Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы және ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі біріктіріліп, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің құрамындағы орталық атқарушы орган – «ҚР Ғылым министрлігі – Ұлттық ғылым академиясы» болып құрылды.

Бұл шешім ғылыми қызметті бір орталықтан басқаруға, ғылыми ізденістерді үйлестіруге және ғылым саласындағы жұмыстарды жүйелеуге бағытталды.

Алайда уақыт өте келе ғылыми басқару құрылымында жаңа өзгерістер орын алды. 1999 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен ҚР Ұлттық ғылым академиясы министрлік құрамынан бөлініп, республикалық мемлекеттік мекеме ретінде қайта құрылды. Дегенмен, академиялық институттардың барлығы министрлік қарамағында қала берді.

2003 жылы Ұлттық ғылым академиясы республикалық қоғамдық бірлестік болып қайта жасақталды. Осылайша, Академия мемлекеттік орган мәртебесінен айырылып, ғылыми саясатты тікелей басқару тетіктерінен шеттей бастады.

Бұл өзгерістер Академияның мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастырудағы ықпалын әлсіретті. Сонымен қатар, ғылыми институттар мен зерттеу жұмыстарын үйлестіру мүмкіндігі шектеліп, ғылым саласының бейінді министрліктер мен мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігі күшейе түсті.

Соның салдарынан академиялық ғылымның институционалдық беделі төмендеп, Ұлттық ғылым академиясының елдегі басты ғылыми орталық ретіндегі орны әлсірей бастады.

Отандық ғылым тарихындағы ең елеулі оқиғалардың бірі – Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік мәртебенің қайта берілуі болды. Бұл маңызды шешім ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы қаулысымен қабылданды.

Соған сәйкес ҚР ҰҒА жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын коммерциялық емес акционерлік қоғам болып қайта құрылды.

Ал, 2023 жылғы наурызда Президент Жарлығымен ҚР ҰҒА «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып қайта аталды.

Бұл шешім Ұлттық ғылым академиясының елдің ғылыми-техникалық саясатын қалыптастырудағы негізгі әрі жетекші рөлін айқындап берді. Ғылымның мемлекеттік маңызы қайта салмақтанып, академиялық жүйенің жаңа кезеңге қадам басуына жол ашылды.

■ ҒЫЛЫМҒА СЕРПІН БЕРГЕН ҚОЛДАУ

Соңғы жылдары мемлекет ғылым саласын дамытуға айрықша көңіл бөліп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыруға және ғалымдарға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған кешенді шараларды кезең-кезеңінен жүзеге асырып келеді.

Ғылымды өркендетудегі басты тіректердің бірі – заңнамалық негіздердің жаңартылуы болды. Осы бағытта 2024 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа Заңы қабылданды. Бұл құжат ғылыми саланы басқару жүйесін заман талабына сай жаңғыртып, ғылымның дамуына тың серпін беруге бағытталды.

Сонымен қатар, ғылымның тек мемлекеттік қаржыға ғана тәуелді болып қалмауы үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жеке инвестиция тартуды ынталандыратын маңызды қадамдар жасалды. Осы мақсатта Салық кодексіне тиісті өзгерістер енгізіліп, ғылымға қаржы құятын кәсіпкерлер мен ұйымдарға қолдау тетіктері қарастырылды.

Бұдан бөлек, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңы күшіне енді. Бұл заң сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге және қысқартуға, олардың ашықтығы мен сапасын арттыруға, сондай-ақ ғылыми қызметтер саласындағы адал бәсекелестікті дамытуға бағытталды.

Ғылым саласына бөлінетін қаржы көлемі де жыл сайын тұрақты түрде артып келеді. Мәселен, 2025

жылы республикалық бюджет есебінен ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар көлемі 213,2 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш 2020 жылғы 45,7 млрд теңгемнен салыстырғанда 4,7 есе көп.

Мұның өзі мемлекет ғылымды ел дамуының басты қозғаушы күштерінің бірі ретінде қарап, ғылыми әлеуетті нығайтуға қомақты инвестиция салуға нық бет бұрғанын аңғартады.

■ АКАДЕМИЯНЫҢ ЖАҢА ДАМУ БАҒЫТЫ

Соңғы үш жыл ішінде отандық ғылымды жаңғырту бағытында жүргізілген реформалардың нәтижесінде жаңартылған Академияның институционалдық қалыптасу кезеңі толық аяқталды. Ғылым саласының жаңа заңнамалық негізі жасалып, тұрақты қаржыландыру жүйесі жолға қойылды. Сонымен қатар, Академия Жоғары ғылыми ұйымының ерекше мәртебесі берілді.

Бүгінде Академия ел ғылымының стратегиялық дамуын айқындайтын негізгі ғылыми орталықтардың біріне айналып отыр. Әлемдегі жетекші академиялық ұйымдардың тәжірибесі ескеріле отырып, Академияның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясы әзірленіп, қабылданды. Ұлттық ғылыми жүйенің қалыптасқан құрылымын сақтай отырып, артық әкімшілік кедергілерсіз Академияны басқарудың заманға сай ұйымдастырушылық үлгісі қалыптастырылды.

Әділ әрі ашық сайлау өткізіліп, ғылымның негізгі бағыттары бойынша 19 академик – Академияның толық мүшелері болып сайланды. Ал, «ҚР ҰҒА» РҚБ-ның 2025 жылғы 27 наурызда таратылуына байланысты оның 150 мүшесі Академия құрамына құрметті академик ретінде енгізілді.

Академия тарихында алғаш рет ғылым мен технологияны жаңа әрі болашағы зор бағыттарын дамытып жүрген көрнекті ғалымдар шетелдік мүшелер болып сайланды. Бұл – қазақстандық ғылымның халықаралық ғылыми кеңістікпен байланысының нығайтып келе жатқанын аңғартады.

Академия отандық ғылымның қазіргі жай-күйіне жан-жақты талдау жүргізіп, ғылыми басымдықтарды айқындаудың жаңа төрт деңгейлі моделін қалыптастырды. Бұл жүйе қаржылық ресурстарды ел экономикасының ең маңызды әрі бәсекеге қабілетті салаларына тиімді бағыттауды көздейді. Жаңа модель Үкіметке жолданып, 2027 жылдан бастап ЖҒТК жұмысына енгізілетін болды.

Сондай-ақ, алғаш рет жүйелі ғылыми форсайт тәсілі қолданылды. Осы мақсатта 75 салалық және өңірлік сессия өткізіліп, 220 перспективалы ғылыми міндет айқындалды және 65 ғылыми-техникалық тапсырма дайындалды. Енді ЖҒТК ғылым үшін басым бағыттарды айқындау барысында Ғылым академиясының форсайттық зерттеулерінің нәтижелерін ескеретін болды.

Әлемдік ғылыми үрдістер мен жаңа технологияларды сараптау мақсатында корейлік KISTI институтымен бірлесіп, «AI SilkNet» форсайт және предиктивті талдау орталығы құрылды.

Қолданбалы ғылымды дамытудың жаңа тұжырымдамасы да ұсынылды. Бұл бастама бұрынғыдай бытыраңқы ғылыми тақырыптарды қаржыландырудан бас тартып, ғылыми нәтижелердің толық циклін – зерттеу жүргізуден бастап әзірлемелерді өндіріске енгізу мен коммерцияландыруға дейін үздіксіз қолдауды көздейді.

Аталған тұжырымдама Қазақстан Республикасындағы дамулық стратегиялық дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған кешенді жоспарының негізгі құрамдас бөліктерінің біріне айналды.

Академия өңірлік ғылымды дамытуға да ерекше көңіл бөліп келеді. Өңірлер арасындағы ғылыми теңсіздікті азайту мақсатында «Қуатты өңірлік ғылым – қуатты өңір» бағдарламасы іске қосылды. Осы бағдарлама аясында Академия Президиумының 11 көшпелі отырысы өткізіліп, форсайттық зерттеу орталықтары ашылды және ғылымды қолдаудың өңірлік бағдарламалары әзірленді.

Бүгінде су ресурстарын басқару, биотехнологиялар, сирек жер металдары, жасанды интеллект, биомедицина және ядролық медицина салаларындағы аса өзекті мәселелерді шешуге бағытталған флагмандық ғылыми бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бұл бағытта Академия салалық министрліктермен тікелей жұмыс жүргізе бастады.

Солардың ішіндегі ең маңызды жобалардың бірі – жасанды интеллект негізінде су ресурстарын интеграцияланған басқару жүйесін жасау. Бұл жоба Қытай ғылым академиясымен, Чжэцзян технологиялық университетімен және Қытайдың технологиялық компанияларымен бірлесіп іске асырылып жатыр.

Осы ынтымақтастық аясында нақты уақыт режимінде деректерді талдауға мүмкіндік беретін DeepBas цифрлық геоақпараттық моделі әзірленуде. Аталған жүйе су ресурстарын басқаруға, төтенше жағдайлардың алдын алуға және «ақылды» ауыл шаруашылығын дамытуға көмектеседі.

Сонымен қатар, өңірлерде тұқым шаруашылығының цифрлық жүйесін енгізу, жасыл қорды дамытуға арналған цифрлық платформалар құру және отандық карбамид өндірісін ғылыми сүйемелдеу бағытында пилоттық жобалар жүзеге асырылуда.

Халықаралық ғылыми байланыстар да кеңейіп келеді. Университеттермен және шетелдік серіктестермен бірлесіп жаңа ғылыми институттар мен зерттеу орталықтары құрылып, шетелдік инвестициялар тартылууда.

Соның нәтижесінде Жаңа энергетикалық технологиялар мен материалдар жөніндегі құзыреттер орталығы, Перспективалы кардиологиялық зерттеулер орталығы, Көлік ғылымдары және технологиялар институты, Радио-фармацевтика және тераностика орталығы секілді маңызды ғылыми құрылымдар дүниеге келді.

Жас ғалымдарды қолдау, ғылымды кеңінен насихаттау және үздік ғылыми тәжірибелерді дәріптеу ісіне де айрықша назар аударылып отыр. Айта кету керек, Жас ғалымдар кеңесі алғаш рет 1968 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Шахмардан Есеновтің бастамасымен құрылған болатын.

2024 жылы бұл игі дәстүр қайта жаңғырып, Кеңес жас зерттеушілердің елдің ғылыми-технологиялық саясатын қалыптастыруға қатысатын тұрақты алаңына айналды. Сонымен бірге, дарынды оқушыларды ғылымға баулу және болашақ ғылыми әлеуетті қалыптастыру мақсатында Кіші академия құрылды.

Бүгінде Академияның қолдауымен 13 ғылыми журнал жарық көреді. Соңғы екі жылдың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан ғылымының дамуына арналған 1150-ден астам материал жарияланып, конференциялар, форумдар және семинарларды қамтитын 76 ғылыми іс-шара өткізілді.

Алдағы уақытта отандық ғылымның дамуы қолданбалы зерттеулерді күшейтуге, ғылыми жұмыстардың тиімділігін арттыруға, ресурстарды басым бағыттарға шоғырландыруға, өңірлік ғылымды қолдауға және Қазақстанның жаһандық ғылыми кеңістікпен ықпалдестыгін кеңейтуге бағытталмақ.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы нақты ісімен елдің стратегиялық ғылыми институтына айналуға толық дайын екенін дәлелдеп отыр. Оның бастамалары білім экономикасына көшуге жол ашып, инновациялар мен жоғары технологияларға негізделген жаңа дәуірдің берік іргесін қалыптастыруда.

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті,
академик



• КОЛЛАЖ: АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

Жасанды жаңбыр: ҒЫЛЫМ МЕН ТАБИҒАТ АРАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Жансая ШЫҒАҚСАН

■ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТАРИХЫ

Бұл технологияның негізін 1940 жылдары америкалық химик Ирвинг Ленгмюр қалаған. АҚШ-та жүргізілген алғашқы

Бұрын көпшілік жиналып, жауын сұрап тасаттық беріп, көкке көз тігетін. Бүгінде адамзат табиғатты тек бақылап қана қоймай, оны болжауға әрі бағыттауға ұмтылып отыр. Жаһандық деңгейде «жасанды жаңбыр» технологиясына деген сұраныс пен қызығушылық күшейе түсті. Енді бұл бағытта Қазақстан да қосылды. Ғасырлық тарихы бар «Qazaq» газеті осы тақырыпты тарқатпақ.



АБДУЛЛА ӘЛ-МАНДУС ПЕН ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ



15 МАМАЙР КҮНІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БҰҰ ДҮНИЕЖҰЗІПҚ МТЕОРОЛОГИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН ҚАБЫЛДАДЫ.

тәжірибелерге метеорологтар Винсент Шефер мен Бернард Воннегут қатысқан. Бұл General Electric компаниясының жобасы аясында жүзеге асқан. Алғашында зерттеулер зертханалық жағдайда жүргізіліп, жауын-шашын түзу үшін құрғақ мұз пайдаланылған. Кейіннен Воннегут күміс йодидін қолдануды ұсынды. Нәтижесінде, 1943 жылы табиғи ортада алғашқы жасанды қар жаудыру тәжірибесі сәтті жүзеге асқан.

Кейін мұндай зерттеулер Австралия, Қытай және басқа да елдерде жүргізілді. XX ғасырдың соңынан бастап бұлттарды әртүрлі реагенттермен өңдеу технологиясы су тапшылығы байқалатын өңірлерде және табиғи апаттардың алдын алу мақсатында кеңінен қолданыла бастады.

■ ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

Жасанды жаңбыр көпшілік ойлағандай, ашық аспаннан қолдан жаңбыр жаудыратын тәсіл емес.

Бұрын метеорологтар ауа райын сағаттап талдайтын. Ал қазір AI технологиялары спутниктен түсетін мыңдаған деректі секундтар ішінде өңдей алады. Елімізде EUMETSAT және Қытайдың FY-4 спутниктерінен алынған ақпарат пайдаланылады. Арнайы жүйелер: бұлттардың қозғалысын, ылғал көлемін, жел бағытын, жауын-шашынды анықтайды.

Ең алдымен мамандар атмосферада ылғалы жеткілікті, жауын-шашын түсуге бейім бұлттарды анықтайды. Одан кейін арнайы ұшақтар арқылы бұлт қабатына реагенттер шашады. Көбіне тұз бөлшектері пайдаланылады. Аталған бөлшектер ауадағы ылғалды біріктіріп, соның нәтижесінде тамшылар жауын түрінде жерге түседі.

Алайда бұл әдіс бұлтсыз ашық аспаннан жаңбыр жаудыра алмайды. Технологияны жүзеге асыру үшін жауын-шашынға бейім бұлттың болуы өте маңызды.

Жасанды жаңбыр технологиясының басты ерекшелігі – жасанды интеллект жүйелерінің қолданылуы.

Технологияның тиімділігі – керек жерде, дәл уақытында жауын-шашын мөлшерін арттыру, ауыл шаруашылығы дақылдарын табиғи апаттардан қорғау және су ресурстары тапшы өңірлерді сумен қамту.

Кемшін тұстары да жоқ емес. Сарапшылар авиациялық жұмыстар мен арнайы реагенттерге жұмсалатын қомақты қаржы, қоршаған ортаға төнетін қауіптер, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы жан-жақты зерттеуді қажет етеді деп санайды.

Осыған байланысты «Жасанды жаңбыр: қолдау ма, қарсылық па?» атты ғылыми мақаланың авторлары Бахар Вугар қызы Мехтиева мен Наталья Глинкина жасанды жауын-шашын шақыру технологиясының артықшылықтары мен салдары толық зерттелмейінше, оның тиімділігі жөнінде нақты баға беру қиын деп есептейді. Ал, Қазгидромет мамандарының бағалауынша, технологияны дұрыс әрі уақытылы қолданған жағдайда жауын-шашын көлемі 10-20 пайызға дейін артуы мүмкін.

■ ТАМШЫҒА ТӘУЕЛДІ ТІРШІЛІК

Соңғы жылдары елімізде қуаңшылық жиілеп, су тапшылығы ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Әсіресе, оңтүстік өңір-

сында Біріккен Араб Әмірліктерінің Ұлттық метеорология орталығымен бірлесіп жүзеге асырылып жатыр. Осылайша, Қазақстан Орта Азия елдері арасында өңірде жасанды жаңбыр технологиясын пайдаланған алғашқы ел болды.

БАӘ – әлемдегі ең құрғақ аймақтардың бірі. Соған қарамастан олар ауа райын басқару технологиясына миллиардтаған инвестиция салды. Бүгінде Әмірліктерде бұлттарды бақылайтын заманауи радарлар, арнайы авиация, жасанды интеллект жүйелері жұмыс істейді.

«Жоба су қоймаларының толу деңгейін арттыруға және елдің оңтүстігіндегі ауыл шаруашылығы аумақтарын су ресурстары мен қамтамасыз етуге бағытталған», – деп атап өтті Түркістанда өткен жобаны іске қосу рәсіміне қатысқан Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаспан Мәдиев.

Бастаманы іске асыру Түркістан облысындағы қуаңшылық пен су тапшылығының салдарын азайтып, жалпы аумағы 900 мың гектардан асатын ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтамасыз етуге жол ашады.

Мамандардың бағалауынша, жобаның әлеуетті экономикалық тиімділігі жылына 35 миллиард теңгеге дейін жетіуі мүмкін.

Қазақстан үшін бұл бастаманың маңызы зор. Себебі, ел тек дайын техноло-

2026 жылдың 22 мамырында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, «Дала академигі», «Малшылардың маршалы» атанған даңқты шопан Жазылбек Қуанышбаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстанның қой шаруашылығы: дәстүрі, дамуы және болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жоспары деңгейде өтті.

«МАЛШЫЛАРДЫҢ МАРШАЛЫ»:

КАZNARU-ДА ДАҢҚТЫ ШОПАН ЖАЗЫЛБЕК ҚУАНЫШБАЕВТЫҢ 130 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ



Ауқымды тәжірибелік конференцияға К.А.Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл-шаруашылық академиясының дербес зоотехния кафедрасының меңгерушісі, а.ш.ғ.д., Ресей ғылым академиясының академигі, профессор Юсупжан Юлдашбаев, өзбекстандық ғалым, философия докторы Бахтияр Маматов, Алматы, Жамбыл, Жетісу облыстарының әкімдіктері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, Мойынқұм ауданынан арнайы келген шопанның жерлестері, KazNARU Басқарма мүшелері, проректорлары, факультет декандары, профессор-оқытушылар құрамы мен университет білім алушылары қатысты.

Конференцияның мақсаты – екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың өнегелі өмірі мен еңбек жолын бүгінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, еліміздегі қой шаруашылығын дамытудың заманауи жаңа бағыттарын жетілдірудің өзекті мәселелерін талқылау болды.

Конференцияны Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Басқарма төрағасы – ректоры, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Басқарма президенті, академик Ақылбек Күршібаев ашты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз екендігін атап өткен болатын. Аграрлық сала ел экономикасының тірегі ғана емес, халықтың әл-ауқаты мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды бағыт. Сондықтан, бұл саланың дамуына үлес қосқан еңбек адамдарының қажырлы еңбегін насихаттау, олардың мол тәжірибесін кейінгі буынға үлгі ету – уақыт талабы. Жазылбек Қуанышбаев атамсыз сияқты даңқты еңбек ерлерінің кәсіби шеберлігін дәріптеу арқылы жастарды ауыл шаруашылығына тартуға, еңбекке құрмет сезімін қалыптастыруға және осы саланың беделін арттыруға ықпал етеді.

Жазылбек атамсыздың тағылымға толы жұмыры мен еселі еңбегі – бүгінгі жастар үшін адал еңбек пен табандылықтың жарқын үлгісі. Оның мал шаруашылығын дамыту жолындағы қажырлы еңбегі, кәсіпке деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігі қазіргі буынға үлкен өнеге береді. Осындай еңбек адамдарының өмір жолын насихаттау арқылы жастардың атақасіпке, ғылымға қызығушылығын арттырып, қой шаруашылығы саласына жаңа серпін беру – біздің міндетіміз. Дәлірек айтқанда, қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын құрмай, елімізде қой шаруашылығын дамыту мүмкін емес.

Елдің болашағы – еңбексүйгіш, туған жерге жанашыр жас ұрпақтың қолында. Сондықтан, Жазылбек Қуанышбаев мұрасы – тек өткеннің тарихы ғана емес, ауыл шаруашылығын дамытуға бағыт беретін, жастарға рух пен жігер сыйлайтын бірегей өнеге мектебі, – деді Ақылбек Қажығұлұлы.

Сонымен қатар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы әрі режиссер Тұрлыбек Доқдырхан Жазылбек Қуанышбаев туралы түсірілген «Қазақтың қара шалы» атты деректі фильмін көпшілік назарына ұсынды.

Конференция аясында отандық және шетелдік ғалымдар баяндама жасады. Атап айтқанда, «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі» ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы, а.ш.ғ.д., профессор Айбын Төреханов, а.ш.ғ.д., профессор Әбдірахман Омбаев, Ресей ғылым академиясының академигі, профессор Юсупжан Юлдашбаев, өзбекстандық ғалым, философия докторы Бахтияр Маматов, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті Директорлар кеңесінің төрағасы, а.ш.ғ.д. Тынышбай Досымбеков Жазылбек Қуанышбаевтың отандық қаракөл қой шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі туралы кеңінен тоқталды.

Сондай-ақ, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының Басқарма төрағасы Бауыржан Асановтың құттықтауы келіп түсті. Сонымен қатар, конференция қатысушыларына Жамбыл облысының әкімі Ербол Шырақпайұлының құттықтауын облыс әкімінің орынбасары Әбілхайыр Ғалымұлы, Алматы облысының әкімі Марат Елеусізұлының құттықтауын облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлының құттықтауын облыстың ауыл шаруашылығы Басқармасы басшысының орынбасары Бахтияр Шампиқов жеткізді. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының әкімі Ермек Амангелдіұлы арнайы келіп, құттықтады.

Тағылымы мол басқосу барысында Жазылбек Қуанышбаевтың қазақ мал шаруашылығын дамытудағы тарихи рөлі жан-жақты дәріптеліп, қой шаруашылығы саласын ғылыми негізде дамыту мәселелері кеңінен талқыланды.

Конференция қорытындысында сала мамандары тәжірибе алмасып, болашақтағы ынтымақтастық бағыттарын айқындады.

KazNARU-дың Баспасөз қызметі

Жазылбек Қуанышбаев (1896–1986) – қазақ шопаны, малшы-селекционер, 2 мәрте Социалистік Еңбек Ері (1948, 1958). Ол 1896 жылы 29 наурызда Жамбыл облысының Мойынқұм ауданына қарасты Көктерек ауылында дүниеге келген. 1930 жылы «Кеңес» мал серіктестігі құрылғанда оған алғашқылардың бірі болып кіріп, қой бағады. 1936–1957 жылдары Көктерек, Айдарлы кеңшарларында аға шопан болып қажырлы еңбек етеді. 1957–1965 жылдары қаракөл қойын өсіруді дамыту жолына бастамашы болды. Екі мәрте республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.



ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Жасанды жаңбыр – бүгінгі ғылым мен технологияның нақты жетістігі. Бірақ, ол барлық мәселені шешетін әмбебап құрал емес. Табиғатқа араласу әрқашан жауапкершілік пен ғылыми дәлдікті талап етеді. Қазақстанның бұл қадамы климаттық технологияларды игерудің жаңа кезеңіне жол ашуы мүмкін. Алайда оның нақты тиімділігі уақыт пен тәжірибе арқылы ғана айқындалмақ.



Индир БІРЖАНСАЛМЕН | Ұсыныс-пікірлеріңіз болса, хабарласыңыздар: +7 701 505 48 48 (редакция), +7 701 659 13 21 (тілші)

АШЫҚ ӘНГІМЕ



Көк байрақ желбіреген сайын қазақтың жүрегінде азаттыққа деген мақтанш сезімі оянады. Өйткені, мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз елдің белгісі ғана емес, ғасырлар бойы еркіндік үшін күрескен бабалардың арманы мен аманатының көрінісі. Көк Тудың әрбір бедерінде халқымыздың тарихы, Елтаңбаның әрбір өрнегінде елдік рух, Әнұранның әрбір жолында ұлттың үні жатыр. Бүгінгі ұрпақ үшін рәміздердің қадір-қасиетін терең түсіну – Тәуелсіздіктің бағасын танумен тең. 4 маусым – Рәміздер күні қарсаңында мемлекеттік нышандардың тарихи мәні, Алаш идеясы мен бүгінгі ұрпақтың елдік санасындағы орны туралы әңгіме өрбіту мақсатында Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, алаштанушы ғалым Досалы Салқынбекпен ашық әңгімелескен едік. Алаштанушы ғалым мемлекеттік рәміздердің терең тарихы, Көк Тудың киесі, Алаш арыстарының аманаты және ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың маңызы жөнінде тағылымды ойларымен бөлісті.

ДОСАЛЫ САЛҚЫНБЕК,

Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ, ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, АЛАШТАНУШЫ ҒАЛЫМ:

«КӨК БАЙРАҚҚА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ БИІК БОЛҒАН ЖЕРДЕ, ҰЛТТЫҚ РУХ ТА АСҚАҚ БОЛАДЫ»

ДОСАЛЫ САЛҚЫНБЕК ПЕН ШӘКЕН НИЯЗБЕКОВ



■ «РӘМІЗДЕР ЕЛДІГІМІЗДІҢ МӘНГІЛІК МӨРІ»

– Досалы Исханұлы, қазіргі қолданыстағы мемлекеттік рәміздеріміз қалай дүниеге келді?

– Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері – егемен елдің ең қастерлі құндылықтарының бірі. Олар халқымыздың азаттыққа деген ұмтылысын, ұлттық болмысын, рухани мұратын айқындайтын қасиетті белгілер саналады. Мемлекеттік рәміздерінің дүниеге келу тарихын сөз еткенде, алдымен егемендік алғанға дейін қандай рәміздерді пайдаланғанымызға тоқталған жөн. Өйткені, кез келген мемлекеттің рәміздері оның саяси болмысы мен тарихи кезеңінің айнасы болып саналады. 1991 жылдың 16 желтоқсанына дейін біз Кеңес Одағының құрамындағы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының рәміздерін қолданып келдік. Алайда ол рәміздерді дербес ұлттық мемлекеттің келбетінен гөрі, кеңестік идеологияның сипатын танытатын белгілер еді. Басқаша айтқанда, олар КСРО-ның ортақ рәміздік жүйесінің негізінде жасалып, сол кездегі саяси құрылымның мәнін бейнеледі.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ел алдында аса маңызды міндет тұрды. Ол жаңа мемлекеттің тәуелсіздігін, егемендігін, ұлттық ерекшелігін және рухани құндылықтарын айшықтайтын төл рәміздерді қабылдау болатын. Өйткені, мемлекеттік рәміздер кез келген елдің дербестігін әлемге танытатын, халықтың бірлігі мен тұтастығын білдіретін қасиетті нышандар. Сондықтан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ жаңа Ту, Елтаңба және Әнұран қабылдау мәселесі күн тәртібіне шығарылды. Бұл тарихи қадам жас мемлекетіміздің халықаралық аренадағы беделін нығайту қана қоймай, халқымыздың азаттық рухын асқақтатуға жол ашты. Бұрынғы Қазақ КСР-нің мемлекеттік рәміздеріне назар аударсақ, олардың дербес ұлттық сипатынан гөрі кеңестік идеологияның белгілері басым болғанын көреміз. Мәселен, сол кездегі Ту КСРО-ның негізгі туымен өте ұқсас еді. Айырмашылығы ретінде тек көгілдір жолақтың енгізілгені ғана айтуға болады. Ал, Елтаңба да мазмұны мен құрылымы жағынан одақтас республикаларға ортақ кеңестік үлгіде жасалды.

Әнұран мәселесі тіпті ерекше назар аударуды қажет етеді. Себебі, оның мәнінде тәуелсіз мемлекет рухына мүлде сәйкес келмейтін, кеңестік идеологияның дәріптейтін жолдар болды. Мысалы:

*Дақ салмай Лениннің жасампаз салтына,
Ұрпағы қосты даңқ Отанның даңқына.*

*Одақтас, ұрандас елдердің қамқоры,
Көп алғыс айтамыз ұлы орыс халқына,* – деген тармақтар сол кезеңдегі саяси жүйенің көзқарасын айқын аңғартады.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі маңызды міндеттердің бірі – егемен елдің болмысын, ұлттық рухын және тарихи мұратын бейнелейтін жаңа мемлекеттік рәміздерді қабылдау болды. Бұл бағытта арнайы мемлекеттік комиссия құрылып, бүкілхалықтық шығармашылық байқау жарияланды. Елдің түкпір-түкпірінен келген жүздеген жоба сараланып, үздік нұсқалар таңдап алынды. Нәтижесінде, 1992 жылғы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қазіргі Мемлекеттік Ту мен Мемлекеттік Елтаңбаны ресми түрде бекітті. Бұл – жас мемлекеттің тарихындағы ерекше маңызды ие күндердің бірі болды. Ал, Мемлекеттік Әнұран сол жылдың желтоқсан айында қабылданды. Әуені бұрынғы күйінде сақталғанымен, мәтіні толық жаңартылып, тәуелсіз Қазақстанның рухын бейнелейтін жаңа мазмұнға ие болды. Оның сөзін белгілі ақындар Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Мұзафар

Әлімбаев және Жадыра Дәрібаева жазды. Осылайша, еліміздің жаңа әнұраны халқымыздың азаттық жолындағы күресін, елдік мұратын және болашаққа деген сенімін паш ететін маңызды рухани құндылыққа айналды. Жаңа мәтінде қазақ халқының бастан өткерген тағдыры, еркіндік жолындағы күресі мен қайсарлығы терең көрініс тапты. Әнұранның:

*Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,
Азаттық жолында жалындап жаныппыз,* – деген жолдарының өзінен-ақ ел рухы мен ұлт болмысы айқын сезіледі. Әсіресе, «Тағдырдың тезінен, тастақтың өзінен аман-сау қалыппыз» деген тармақтың астарында үлкен мағына жатыр. Қазақтың дәстүрлі тұрмысында «тез» деп ағашты иіп, белгілі бір қалыпқа келтіретін құралды атаған. Киіз үйдің уығын жасау кезінде қолданылатын осы құрал арқылы ағаш шыңдалып, қажетті пішінге енеді. Ақындар бұл ұғымды халықтың қилы кезеңдер мен ауыр сынақтардан сүрінбей өткен тағдырымен шебер астастырған. Дегенмен, уақыт өте келе бұл әнұранның мәтінін халықтың, әсіресе жас буынның жаттап айтуы күрделілеу болды. Сондықтан, ел арасында бұрыннан кеңінен танылған, халық жүрегінде орын алған «Менің Қазақстаным» әнін мемлекеттік әнұран ретінде қабылдау туралы шешім қабылданды. Осылайша, 2006 жылдың қаңтарынан бастап композитор Шәмші Қалдаяқов пен ақын Жүмеке Нәжімеденовтің шығармасы Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік Әнұранына айналды. Ал, 2007 жылғы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заң қабылданды. Осы заңға сәйкес 4 маусым елімізде Мемлекеттік рәміздер күні ретінде ресми түрде белгіленді. Бүгінде Көк Туымыз, шаңырақ бейнеленген Елтаңбамыз және асқақ Әнұранымыз – Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры мен тұтастығын айқындайтын қасиетті нышандар. Олар әр азаматтың жүрегінде Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтанш сезімін ұялатып, ел бірлігі мен ұлттық рухтың мәңгілік символы болып қала берді.

– Бүгінгі жастар Ту, Елтаңба, Әнұранның рухани мәнін қаншалықты терең сезінеді?

– Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің ең қасиетті белгілері, елдігіміздің еңселі көрінісі. Бүгінде жастардың ғана емес, жалпы қоғамның Ту, Елтаңба және Әнұранға деген құрметі артып келе жатқанын нақты мысалдардан анық байқауға болады. Мәселен, Шымкент қаласындағы Қажымқан Мұңайтпасов атындағы стадионның шатыры құлаған кезде, қауіп-қатерге қарамастан азаматтардың қиранды астында қалған Мемлекеттік Туды аман алып шығуы – рәміздерге деген шынайы құрметтің жарқын көрінісі. Бұл оқиға қоғамда үлкен қолдау тауып, көпшіліктің жүрегінде ерекше әсер қалдырды. Сондай-ақ 2020 жылы Өзбекстандағы Сардоба су қоймасының жарылуынан кейін Мақтаарал мен Жетісай аудандарын су басқан ауыр күндерде полиция оқиғалардың бірі болды. Бұл әрекет елге деген сүйіспеншіліктің, мемлекеттік нышандарға деген адалдықтың айқын дәлелі еді. Осындай жағдай Түркістан облысы Сайрам ауданының орталығы Ақсукейт ауылында да орын алды. Ғимарат үстіндегі Мемлекеттік Ту өртені бастағанда, жергілікті тұрғын өз өмірін қатерге тігіп, көк байрақты аман сақтап қалды. Мұндай әрекеттер кездейсоқ жасалмайды. Оның астарында Отанға деген құрмет, ұлттық құндылықтарға деген жанашырлық жатыр.

Бүгінде әлеуметтік желілерде кішкентай бүлдір-



шіндердің Мемлекеттік Әнұран орындалған сәтте қолдарын жүрек тұсына қойып, тебірене қосылып тұрғанын жиі көреміз. Бұл өскелең ұрпақтың бойында патриоттық тәрбиенің қалыптасып келе жатқанының айқын белгісі. Себебі, рәміздерді құрметтеу тек заң талаптарын орындау ғана емес, ол туған елдің тарихын, тәуелсіздігін және болашағын құрметтеу деген сөз.

Менің ойымша, қазіргі қоғамда мемлекеттік рәміздерге деген құрмет жылдан-жылға нығайып келеді. Әсіресе, жастар арасында ұлттық құндылықтарға деген қызығушылық артып, елдік сана күшейе түсуде. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстар ешқашан тоқтамауы тиіс. Өйткені, Мемлекеттік Ту, Елтаңба мен Әнұранға деген құрмет – Тәуелсіздікті қадірлеудің, Отанға деген сүйіспеншіліктің және ұлттық рухтың өлшемі болып қала береді.

■ «АЛАШ АҢСАҒАН АЗАТТЫҚТЫҢ АЙҒАҒЫ»

– Алаш зиялылары ұлттық идея мен елдік сана-ны қалыптастыруда ерекше рөл атқарды. Тәуелсіз Қазақстан рәміздерінен Алаш рухының қандай белгілерін байқайсыз?

– XX ғасырдың басында қазақ даласында азаттықтың ақ таңы үшін арпалысқан ұлы қозғалыс – Алаш қозғалысы дүниеге келді. Бұл қозғалыстың көш басында халқының тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ел сенімі мен үмітін арқалаған Әлихан Бөкейхан тұрды. Қазақ жұрты оны бекерден-бекер «Ұлт көсемі» деп атаған жоқ. Оның: «Қазақтың қан тұқымында қасиет бар, тірі болсам, қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген сөзі бар ғұмырын халқына арнаған азаматтық ұстанымының айқын көрінісі еді.

Әлиханның төңірегіне ұлттың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған біртуар тұлғалар топтасты. Қалың ұйқыдағы елдің санасын сілкініп, рухын ояту үшін Ахмет Байтұрсынұлы «Маса» болып ызындап, қараңғылық пен надандықтың пердесін түрді. Ал, 1909 жылы Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» деген жалынды үндеуі бодандық бұғауындағы халықтың жүрегінде азаттық отын жақты. Ұлт бостандығын аңсаған сол дәуірдің өр рухты перзенттері халықты бірлікке, елдікке шақырды. Солардың бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз, енді Алашты ешкімнің қорлығына бермейміз!» деп ұлт намысын қайрап, азаттық идеясының мәңгілік ұранына айналған жалынды сөздерін қалдырды. Алаш арыстарының күресі – тек бір кезеңнің тарихы емес, ол тәуелсіздікке бастар ұлы жолдың рухани негізі, ұлттың мәңгі өшпес азаттық мұратының символы болып қалды.

Алаш арыстары қазақ мемлекеттілігін жаңғырту жолында аянбай еңбек етті. Олар партия құрды, автономия жариялады, елдің ертеңі үшін күресті. Тарихи жағдайларға байланысты олардың асыл армандары толық жүзеге аспаса да, ұлт тәуелсіздігі жолындағы идеялары мен өшпес мұраттары кейінгі ұрпаққа аманат болып қалды. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан – сол Алаш қайраткерлері аңсаған азаттықтың жемісі. Мемлекеттік Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыздан Алаш рухының асқақ үнін, елдік пен еркіндікке деген ұмтылысын көруге болады. Сондықтан, Алаш мұрасын қадірлеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу және көк байрағымызды әрдайым биік ұстау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Бұл Алаш арыстарының аманатына адалдықтың, Тәуелсіздікке деген шынайы құрметтің айқын көрінісі.

– Күні кеше саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні аталып өтті. Сталиндік қуғын-сүргін саясаты қазақ халқына қандай зардап әкелді?

– Сталиндік қуғын-сүргін саясатының қазақ халқына әкелген зардабы туралы сөз қозғағанда, ең алдымен халқымыздың «орны толмас қаза» деген сөзі еске түседі. Өйткені, XX ғасырдың 30-жылдарында жүргізілген күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясаты қазақ даласында бұрын-соңды болмаған демографиялық апатқа ұласты. Кеңестік биліктің солақай реформаларының салдарынан миллиондаған адам аштықтың құрбаны болып, халық өз санының жартысына жуығынан айырылды. Зерттеушілердің пайымдауынша, егер сол зұлмат жылдардағы ашаршылық орын алмағанда, бүгінгі таңда қазақ халқының саны әлдеқайда көп болар еді. Сондықтан, бұл нәубеттің салдары тек өткеннің қасіреті емес, оның әсері қазіргі демографиялық ахуалдан да айқын байқалады. Ұлан-ғайыр жерді мекендеген халқымыздың санының аз болуы – тарихи апаттардың тікелей салдары.

Біз тарихқа тек өткен күннің естелігі ретінде қарамауымыз керек. Бүгінгі қоғамның көптеген әлеуметтік, экономикалық және демографиялық мәселелерінің тамыры сол кезеңдерге барып тіреледі.

Сталиндік қуғын-сүргіннің ең ауыр зардаптарының бірі – қазақ халқының рухани және зияткерлік әлеуетіне жасалған соққы болды. Бүгінгі зерттеулерге сүйенсек, 1937-1938 жылдары Қазақстанда 100 мыңнан астам адам қуғындалып, олардың 25 мыңға жуығы ату жазасына кесілген. Бұл жай ғана статистика емес, бұл ұлттың маңдайалды азаматтарынан, елдің болашағын қалыптастыратын қайраткерлерінен айырылған кезең.

Қуғын-сүргін құрбандарының басым бөлігі халыққа қызмет ететін деген білімді, көзі ашық, ұлт тағдырына бейжай қарамаған тұлғалар еді. Олар ғылымда, білімде, мәдениетте, әдебиетте және мемлекеттік басқару саласында халқына әлі талай еңбек сіңіретін шағында өмірден аяусыз өлтірілді. Соның салдарынан қазақ қоғамының табиғи дамуы тежеліп, ұлттық интеллигенцияның тұтас бір буыны жойылды.

Бұл қасіреттің салдары тек тарих беттерінде қалған жоқ. Оның зардабы ұлттың рухани жадында, қоғамдық санасында әлі күнге дейін сақталып келеді. Сондықтан, XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық пен қуғын-сүргінді тек тарихи немесе демографиялық тұрғыдан

ғана емес, оның адам психологиясына, денсаулығына және ұрпақтар сабақтастығына тигізген әсері тұрғысынан да зерттеу қажет.

Белгілі америкалық зерттеуші Сара Камерон да осы мәселеге назар аударып, ашаршылықтың медициналық және әлеуметтік салдарын терең зерделеу қажеттігін айтады. Бұл орынды пікір. Өйткені, аштық, үрей, қуғын мен қорқыныш халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, ұлттың болмысына да өз ізін қалдырды. Сондықтан, сталиндік саясаттың зардабын толық түсіну үшін оны өткеннің қасіреті ретінде ғана емес, бүгінгі қоғамға әсер еткен тарихи сабақ ретінде қарастыруымыз қажет.

■ «МАҒАН ТУДЫҢ АВТОРЫМЕН БІРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ БАҚЫТЫ БҰЙЫРДЫ»

– Алаштанушы ғалым ретінде ұлт тарихын терең зерттеп жүрсіз. Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағына қарап тұрып, ең алдымен қандай тарихи сабақ ойыңызға оралады?

– «Төбейнен елдік нұрын тұрған құйып,
Өмірде еш нәрсе жоқ Тудан биік...» деген ақын Несіпбек Айтұлының жыр жолдары қазақ үшін тудың мәні мен маңызын дәл бейнелейді. Шынында да, көшпенділер өркениетінің тарихында Ту – жай ғана белгі емес, елдің намысы, рухы мен тағдырының символы болған. Бұған 1726 жылғы Ордабасы құрылтайы айқын дәлел. Үш жүздің игі жақсылары бас қосқан сол тарихи жиында қазақ қолының туын ұстау мәртебесі Қанжығалы Бөгенбай батырға сеніп тапсырылған. Сонда абыз қариялар: «Бұл тұда еңіреген елдің мұңы, ананың көз жасы, бабалардың арманы мен халықтың үміті бар. Ерлік туын жықпа!» деп бата берген деседі. Сол сөзді естіген жұрттың жанары жасқа толып, жүрегі толқыған екен. Мемлекеттік рәміздер туралы сөз қозғағанда, ең алдымен көз алдымызға қасиетті Көк Туымыз келеді. Ал, сол Тудың авторы – халқымыздың көрнекті суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков. Ол тек Мемлекеттік Тудың ғана емес, Алматы қаласы Елтаңбасының, Батыр Бауыржан Момышұлына арналған монументтің және көптеген сәулет өнері туындыларының авторы ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған тұлға.

Маған Шәкен ағамен жақын араласып, бірге жұмыс істеу бақыты бұйырды. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мақсатында мектептерде, әскери және жоғары оқу орындарында өткен кездесулерге бірге қатыстық. Сол жиындарда Шәкен аға жастарға Тудың дүниеге келу тарихын ерекше ықыласпен әңгімелеп, оның әрбір бөлшегінің астарында тұтас ұлттың тағдыры мен рухы жатқанын әсерлі жеткізетін. Жастардың ең жиі қоятын сұрағы: «Нәліктен Тудың түсі көк» болатын. Сонда Шәкен аға: «Көк түс – шексіз аспанның түсі. Ол бейбітшілікті, бірлікті, татулықты, береке мен молшылықты білдіреді. Жер бетіндегі байлықтың бәрін білдіруге болады, бірақ көк аспанды ешкім бөліп ала алмайды», – деп жауап беретін. Ал, алтын күнді халқымыздың кең пейіл мен мейірімін білгісін ретінде бейнелегенін, қыран бүркіттің еркіндікке ұмтылған қайсар рухты, биік мұрат пен азаттықты білдіретінін айтатын. Шәкен Ниязбеков Мемлекеттік Туды әзірлеу барысында қазақ халқының сан ғасырлық тарихына терең үңілген. Ол көне дәуірден жеткен ұлттық нышандарды зерттеп, әрбір бейненің тарихи негізіне ерекше мән берген. Бір әңгімесінде әйгілі саяхатшы Марко Полоның жазбаларына тоқталып, Ұлт Дала тұрғындарының бүркітті ерекше қастерлегенін мысалға келтірген еді. Бұл – қыран құстың халқымыздың дүниетанымында ежелден еркіндіктің, тектіліктің және асқақ рухтың символы болғанын көрсетеді. Сондықтан, біздің Көк Туымыз – жай ғана мемлекеттік белгі емес. Ол – ұлт тарихының, бабалар аманатының, тәуелсіздік рухының және болашаққа деген сенімінің көркем бейнесі. Әрбір қазақстандық үшін оның көгінде халқымыздың өткені, бүгінгі мен ертеңі тоғысқан.

Алаш қайраткерлері армандаған азаттық бүгінгі ұрпақтың маңдайына бұйырды. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовқа жазған хатындағы «Алда күнді көретін ұрпақ келеді» деген сөзі де осы күнге арналғандай әсер қалдырады. Сол күнді көрген ұрпақ – бізбіз. Ендеше, Алаштың аманаты – Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау, ал Көк Туды әрдайым биікте желбірету бізге парыз. Өйткені, Ту өткеннің мұрасы ғана емес, келешек ұрпаққа табыстар қасиетті сенім мен елдік мұраттың мәңгілік белгісі.

– Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет – патриотизмнің өлшемі десек, бұл құндылықты жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін ең алдымен неге мән беруіміз керек?

– Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздігіміздің ең қастерлі белгілері. Өкінішке қарай, соңғы жылдары рәміздерге құрметсіздік танытатын жекелеген келеңсіз жағдайлардың да кездесіп жатқаны жасырын емес. Сондықтан, рәміздерді қадірлеу мәдениетін қалыптастыру бір күндік науқанмен шектелмей түіс. Ту, Елтаңба және Әнұранға деген құрмет – отансүйгіштіктің бастауы. Бұл құндылық балабақшадан басталып, мектепте, жоғары оқу орындарында және жалпы қоғамда үздіксіз насихатталуы қажет. Әлемнің көптеген елдерінде мемлекеттік рәміздерді ұлықтау ұлттық тәрбиенің маңызды бөлігіне айналған. Біз де сол озық тәжірибелерді негізге алып, рәміздердің тарихын терең танытатын музейлер ашып, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу, жастар арасында танымыздық жобаларды көбейту секілді бастамаларды жүзеге асыруымыз керек. Өйткені, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, жай ғана заң талабы емес, ол – елге, жерге, Тәуелсіздікке деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі. Көк байраққа деген құрмет биік болған жерде ұлттық рух та асқақ болады.

– Досалы Исханұлы, ашық әңгімеңізге алғыс білдіремін.

Сенат депутаты Бибигүл Жексенбай Жапонияға жұмыс сапары аясында Нобель бейбітшілік сыйлығының лауреаты атанған атом және сутегі бомбалары құрбандары ұйымдарының Жапон конфедерациясы – Nihon Hidankyo ұйымының басшылығымен кездесті.

ЖАПОНИЯДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ:

СЕНАТОР ТОКИОДА ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Кездесуге ұйымның Бас хатшысы Джиро Хамасуми, сондай-ақ Бас хатшының орынбасарлары Тошико Хаманака, Масако Вада және Мичико Кодама қатысты. Сенатор жапон тарабына Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауын жеткізіп, ұйымның ядролық қарудан азат әлем құру идеясын ілгерілетудегі қызметінің ерекше маңызын атап өтті.

Бибигүл Жексенбай бұл мәселені Семей ядролық сынақ полигонының зардаптарына байланысты Қазақстан үшін маңызы зор екенін айтты. Биыл полигонының жабылғанына 35 жыл толып отыр.

«Азаматтарды жеке қабылдау барысында да, өңірлерге сапарлар кезінде де Семей полигонының зардаптарына қатысты өтіншілер тұрақты түрде түседі. Халықпен кездесулерде зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау, оларды медициналық қолдау, кейінгі ұрпақтардың денсаулығын бақылау, сондай-ақ полигонды жабу жұмыстарына қатысқан әскери қызметшілердің әлеуметтік мәртебесін жетілдіру мәселелері үнемі көтеріледі», – деді сенатор.

Кездесу барысында Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл толуына орай Қазақстанда бастау алған «Балалар бейбітшілікті бейнелейді» халықаралық акциясы таныстырылды. Бастама балалар шығармашылығы арқылы бейбітшілік мәдениеті мен ядролық қарусыздану идеяларын насихаттауға бағытталған.

Джиро Хамасуми өз кезегінде қазақстандық бастамаларды қолдайтынын білдіріп, ядролық қаруды қолданудың салдары туралы тарихи жадыны сақтаудың маңыздылығына тоқталды.

Тараптар кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан мен Жапония арасындағы ядролық қауіпсіздік, ғылыми алмасу, қоғамдық бастамалар және жастар жобалары салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттігі туралы тоқтамға келді.

ҚР Парламенті Сенатының Баспасөз қызметі

■ ТӘУЕКЕЛГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУ ТӘСІЛІ

2026 жылдың ақпанында Бас прокуратура құрылыс лицензияларын беру кезінде орын алған ірі заңбұзушылықтарды әшкерелегеннен кейін, Үкімет жаппай тексеру жүргізудің орнына тәуекелге негізделген цифрлық талдау тәсілін таңдады. Жаңа №191 бұйрыққа сәйкес, 2026 жылдың сәуірінен бастап автоматтандырылған реестр іске қосылды. Енді жүйе ешқандай ресми араласусыз әзірлеушінің деректерін басқа мемлекеттік органдардың дерекқорларымен салыстырып, автоматты түрде тексереді. Яғни, компания құрамында көрсетілген инженерлер шынымен бар ма; арнайы техникалар расында тіркелген бе, әлде тек қағаз жүзінде ме; компания айналымына сай көлемде салық төлей ме – мұның бәрі жүйеде тексерілетін болады.

Егер жүйе қандай да бір сәйкессіздік анықтаса, лицензия автоматты түрде тоқтатылады. Ал, лицензияны тек тендерге қатысудың «рұқсат қағазы» ретінде пайдалануға бұдан былай мемлекеттік сатып алу талаптарының өзі тосқауыл қояды.

■ «ЦИФРЛЫҚ САҚТАНДЫРҒЫШ» НЕМЕСЕ ҚАРАЖАТ АРНАЙЫ «ТАҢБАЛАНАДЫ»

Батыл қадамдардың бірі – «e-Qurylys» жүйесін цифрлық теңгемен ықпалдастыру. «Цифрлық валютаны кеңейту жөніндегі жол картасы» аясында енді бюджеттен бөлінетін қаражат арнайы «таңбаланатын» болады. Бұл дегеніміз – мектеп не жол құрылысына бөлінген қаржыны қолма-қол ақшаға айналдыруға немесе бір күндік жалған компаниялардың есепшотына аударуға мүмкіндік берілмейді. Егер қаражат алушы мониторинг жүйесінде нақты қызмет көрсетуші ретінде расталмаса, жүйе мұндай операцияны автоматты түрде бұғаттайды.

Парламенттегі қарсылықтарға қарамастан, сәулет-құрылыс бақылауының өкілеттігі әкімдіктердің құзырында қалды. Алайда, Олжас Бектенов бұл жүйеге «цифрлық сақтандырығыш» енгізіп отыр: енді нысандарды қабылдау актілері тек «e-Qurylys» платформасы арқылы электронды форматта рәсімделеді. Бұл құжаттарды кейінінен «артқы күнмен» толтыруға немесе нысанға шын мәнінде бармай-ақ қол қоюға жол бермейді.

■ ИКЕМСІЗ КОМПАНИЯЛАР БІРІНШІ БОЛЫП ҚҰЛАЙДЫ

Бүгінгі әлем күтпеген жаңалықтарға толы. Бұл – кәсіпкерлерді не қимылсыз күтуге, не бағытты шұғыл өзгертуге мәжбүрлейтін тосын оқиғалар. Алайда, мұндай тұрақсыздықты тек қауіп деп қабылдау – үлкен қателік. Себебі, дәл осындай кезеңде бизнесті ауқымдау стратегиясы жай ғана амбиция емес, өмір сүрудің әрі болашақтың іргесін қалаудың жалғыз жолына айналады.

Тарих көрсеткендей, қатып қалған, икемсіз компаниялар бірінші болып құлайды. Ал, икемділік бұрын мүмкін емес көрінген шешімдерді табуға жол ашады. Ескі ережелер күшін жоғалтқанда, кәсіпкерлерге тұрақты нарық жағдайында жүзеге аспайтын жобаларды іске асыру мүмкіндігі туады. Көп жағдайда тұтас саланы өзгертетін батыл идеялар дәл осындай белгісіздік кезеңінде дүниеге келеді.

Жаңа нарықтарды игеру үшін бизнес бар мүмкіндігін сарқа жұмыс істеуге мәжбүр. Әр қадамды саралап, тәуекелді таразылау қажет. Мұндай жарыс тек қаржы мен



«E-QURYLYS» ЖҮЙЕСІ:

ЖАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯЛАРДЫҢ ДӘУРЕНІ ӨТТІ МЕ?

01-беттен

ресурс емес, ел мен қоғам алдындағы үлкен жауапкершілікте талап етеді.

Бүгінгі кәсіпкерлер өз миссиясын тек табыс табумен шектпейді. Олар тұтыну мәдениетін қалыптастырып, сапаның биік стандартын енгізуді көздейді. Осындай жағдайда бизнесті ауқымдау – патриотизмнің бір көрінісіне, экономикалық тұрақтылыққа қосылған үлеске айналады.

■ ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

ChatGPT ықпалы туралы айтқанда, цифрландырудың енді сәнді сөз емес, өндірістік қажеттілікке айналғанын атап өткен жөн. Сарапшылардың болжамына, жасанды интеллекттің кеңінен енгізу еңбек нарығына үлкен өзгеріс әкеледі.

Бизнес қазірдің өзінде «цифрлық агенттерді» пайдаланып жатыр. Мысалы, ритейл саласында ЖИ қызмет көрсету сапасын бақылап, көптеген процесті автоматтандырады. Соның арқасында компаниялар штат санын көбейтпей-ақ екі есе жылдам өседі.

«Біздің бөлшек саудадағы сапа бақылау бөлімінде бес адам қызметкерлердің жұмысын тыңдап тексеретін. Жасанды интеллект енгізілген соң бұл процесті автоматтандырдық. Босап қалған мамандарды жаңа бағыттарға ауыстырдық. Технологиялық артықшылық дегеніміз осы», – деді танымал кәсіпкер Абиля Авилов.

Көптеген «ескі мектеп» кәсіпкерлері бастапқыда нейрожелілерге құманмен қарады. Бірақ, оны нақты жұмысқа қолданып көргенде, мүмкіндігіне таңғала бастады.

«Соңғы айда нейрожелілерді шығармашылықта пайдаланып жүрмін. Шынымды айтсам, мүмкіндігіне қатты таңғалдым. Ғажап құрал! Әрине, жасанды интеллект адамды толық алмастыра алмайды. Бірақ, болашақта адамдар бірнеше рет мамандық ауыстыруы мүмкін. Сондықтан, икемді болу керек. ЖИ қолданып көрмесеніз – бастап көріңіздер. Бұл шынымен жұмыс істейді», – деді Alina Group негізін қалаушы Ерлік Балфанбаев.

■ НАРЫҚТЫ ТАЗАРТУ

Үкімет қолға алған шараларды саралай отырып, алдағы кезеңге тән үш негізгі үрдісті аңғаруға болады. Автоматтандырылған реестрдің іске қосылуы субмердгерлікпен айналысып, лицензия «саудалауды» кәсіпке айналдырған шағын және орта құрылыс компанияларының 30-40 пайызына дейін жыл соңына қарай лицензиясынан айырылуына әкелуі мүмкін. Соңға жүгіну көбейгеннен, цифрлық із – базаларда нақты маман мен техниканың болмауы – мұндай талаптардың болашағын бұлыңғыр етеді.

«Жүктеме көрсеткішінің» енгізілуі және бақылаусыз субмердгерлікке тосқауыл қойылуы нәтижесінде нарық өз өндірістік базасы бар ірі холдингтердің айналасына шоғырлана бастайды. Ал, шағын компаниялар техникаға шынайы инвестиция құюға немесе мемлекеттік тапсырыс нарығынан кетіп, жекеменшік секторға бет бұруға мәжбүр болады.

Цифрлық теңгенің енгізілуі және «e-Qurylys» жүйесінің мемлекеттік сатып алу порталдарымен ықпалдасуы арқасында, 2027 жылдың ортасына қарай құрылыс саласындағы жемқорлық схемалардың табыстылығы төмендеуі ықтимал. Алайда, жаңа сипаттағы киберқылмыстардың – реестрлер мен мониторинг жүйелерінің базасын бұзып, біліктілік деректерін қолдан өзгерту әрекеттерінің көбеюі қауіп де жоқ емес.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Мемлекет енді жемқорлардың өзімен емес, жемқорлыққа жол ашатын мүмкіндіктермен күресуге көшіп отыр. Егер Олжас Бектенов уәде еткен алгоритмдер толыққанды жұмыс ітесе, 2026 жыл Қазақстандағы «қағаз жүзіндегі құрылысшылар» дәуірінің аяқталған кезеңі ретінде тарихта қалуы бек мүмкін.

Нұрлайым ЖАҚЫПҚЫЗЫ

Таяуда Алматыдағы руханият пен өнердің ордасы Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры тарихқа тағы бір тағылымды сәтті жазды. Осы күні мұнда Almaty Management University (AlmaU) ұйымдастырған салтанатты іс-шара өтіп, қазақы таным мен заманауи білімді тоғыстырған «Толық Адам» бағдарламасының әлемдік деңгейдегі жеңісі ұлықталды. Times Higher Education Awards Asia 2026 халықаралық премиясында «Teaching and Learning Strategy of the Year» номинациясын иеленген AlmaU бұл беделді марапатқа қол жеткізген Орталық Азиядағы алғашқы университет атанып, ел мерейін асқақтатты. Бұл тек бір оқу орнының жетістігі ғана емес, ұлттық құндылықтарға негізделген қазақстандық білім беру моделінің әлем алдында мойындалуы еді. Осыған орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шарада қоғам қайраткерлері, білім саласының өкілдері мен халықаралық сарапшылар бас қосып, бағдарламаның маңызы мен болашақтағы рөлін кеңінен талқылады.

Кеш шымылдығын университет президенті Асылбек Қожахметов ашып, кезінде жалға алынған шағын аудиториядан басталған арманның бүгін халықаралық деңгейдегі абыройға айналған жолын тебіреніспен баяндады. Оның сөзінен білімге деген сенім, ұлт болашағына деген жауапкершілік пен «Толық адам» идеясының терең философиясы айқын сезілді.

– 1988 жылы Алматыдағы шағын ғана жалға алынған аудиторияда басталған бастама бүгінде Азия мойындаған іргелі білім беру моделіне айналды. Қазақстанға ұлттық құндылықтарға сүйенген, бірақ заманауи талаптарға жауап беретін жаңа бизнес-білім жүйесін қалыптастыру еді. Бүгінгі AI дәуірінде тек білімді болу жеткіліксіз. Адамның адамгершілігі, эмпатиясы, ішкі тепе-теңдігі мен жауапкершілігі бәрінен маңызды. Сондықтан біздің мақсат технологияны меңгерген ғана емес, рухани тұрғыдан кемел тұлға тәрбиелеу, – деп пікір білдірді университет президенті.

Осы ұстаным негізінде дүниеге келген «Толық Адам + AI = Толық AI» формуласы – жасанды интеллектті адамзат игілігіне бағыттай алатын саналы тұлға концепциясының көрінісі. Яғни, ойлы, парасатты, жауапкершілігі жоғары адам AI мүмкіндіктері арқылы одан әрі жетіліп, қоғамға пайдалы жаңа буын көшбасшысына айналады. Университет президентінің айтуынша, дәл осы идеяға негізделген білім беру бағдарламасының 2026 жылы Азиядағы ең үздік педагогикалық стратегиялардың қатарына енуі жылдар бойғы еңбектің, ұлттық құндылық пен инновацияны ұштастырған көзқарастың айқын жемісі.

Шара барысында мемлекеттік органдар және халықаралық сарапшылар қауымдастығының өкілдері сөз сөйледі. ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан мемлекеттік саясаттың бүгінде Қазақстандағы университеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталғанын айтты.


– Жастар – еліміздің ертеңі. Қазақстан университеттерінде білім алып жатқан жас буынның деңгейі мен құндылықтары алдағы 10-15 жылдағы мемлекетіміздің келбетін айқындайды. «Толық адам» тұжырымдамасы осыдан бірнеше жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жастармен кездесулері барысында кеңінен талқылана бастады. Біз халықаралық бағдарламалар арқылы шетелде білім алып, әлемдік тәжірибені меңгердік, ғылым мен білімнің озық үлгілерін көрдік. Алайда тәрбие мен рухани құндылықтар мәселесінде ұлттық болмысымыз бен мәдени мұрамыздың орны ерекше екенін бүгін халықаралық деңгейде сенімді түрде айта аламыз. AlmaU «Толық адам» философиясын оқу үдерісіне жүйелі енгізу арқылы ұлттық құндылықтардың заманауи білім беру кеңістігіндегі маңызын әлемдік деңгейде таныта



білді деп есептеймін, – деген ойымен бөлісті Ақерке Абылайхан.

Іс-шара барысында ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының «Толық адам» концепциясына негізделген, трансформациялық оқыту моделін қамтитын бірегей білім беру бағдарламасының негізгі нәтижелері таныстырылды. Сегіз курстан тұратын бұл жоба жыл сайын мыңнан астам студентті қамтып, жас буынның таным көкжиегін кеңейтуге бағытталған. Бағдарлама аясында білім алушылар бизнес құрылымдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен және білім беру мекемелерімен серіктесе отырып, жүзден астам әлеуметтік, экологиялық әрі кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асырған. Бұл бастамалар жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып қана қоймай, ел дамуына белсенді араласуына жол ашып отыр.


– Бүгін AlmaU бүкіл өңірге аса маңызды бір шындықты дәлелдеп отыр: университет тек білім беретін орын



ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛҒАН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ БҮГІНДЕ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ САЛАСЫНДА ЖАҢА МАЗМҰНҒА ИЕ БОЛЫП КЕЛЕДІ. РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ МЕН КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАТАР ДАМУТҒА БАҒЫТТАЛҒАН БҮЛ ЖОБА ЖАСТАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНА ТҒЫ СЕРПІН БЕРІП ОТЫР. ОСЫ БАҒЫТТАҒЫ АУҚЫМДЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ АРНАЙЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ШАРА БАРЫСЫНДА КЕҢІНЕН ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.

ALMAU-ДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» БАСТАМАСЫ:

БІЛІМ МЕН БОЛМЫСТЫ ТОҒЫСТЫРҒАН БАҒДАРЛАМА



ғана емес, ол – ойлау мәдениетін қалыптастыратын зияткерлік кеңістік. Біз өз мәдениетіміз бен философиямызға негізделген идеяның жаһандық білім беру диалогының ажырамас бөлігіне айналып отырғанын мақтанышпен айтамыз. Сондай-ақ дәл осы биік деңгейдегі ең алғашқылардың бірі болып көтере білген AlmaU екенін ерекше мақтанышпен айта аламын, – деп пікір білдірді Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоқты

Райымқұлова университетті жеңісімен құттықтады. Бағдарламаның мазмұны мен рухани маңызын тереңірек талқылау мақсатында арнайы панельдік пікірталас ұйымдастырылды. Оған қазақ мифологиясын зерттеуші, жазушы Зира Наурызбай, AlmaU School of Social Sciences and Transformative Humanities деканы Айжан Сапарғалиева және студенттер қатысты.

Кештің тағылымды әрі толқынды сөздерінің бірі үш білім беру грантының табысталуы болды. Бұл гранттар академиялық және кәсіби жетістіктерімен дараланып, Қазақстанның өркендеуіне өзіндік үлес қосып жүрген дарынды талапкерлерге берілді. Гранттарды AlmaU университетінің ректоры Тимур Бұлдыбаев салтанатты түрде табыстады. Іс-шара соңында әнші Біржан Хасанғалиев жұртке отансүйіштік рух сыйлаған «Атамекен» әнін шырқап кештің көркін айшықтай түсті.

Руханият пен білімді ұштастырған AlmaU университеті жаңа буын көшбасшыларын тәрбиелеу миссиясын жалғастыра бермек. Тағылым мен танымды тоғыстырған бұл жиын Абай Құнанбайұлы мұрасының өміршеңдігін тағы бір мәрте айқындады. «Толық адам» қағидатын негізге алған бастама жастардың бойына біліммен қатар адамгершілік, жауапкершілік және өлге қызмет ету құндылықтарын сіңіруге жол ашып отыр. Рухани жаңғыру мен сапалы білімді сабақтастырған AlmaU университетінің бұл жобасы болашақ көшбасшыларды тәрбиелеудегі маңызды қадамдардың бірі ретінде бағаланды.

Индира БІРЖАНСАЛ



МИ ИНСТИТУТЫ:

ЕЛІМІЗДЕГІ НЕЙРОҒЫЛЫМ САЛАСЫ ЖАҢА ДӘУІРГЕ ҚАДАМ БАСТЫ МА?



заяткерлік алаң ретінде танытады. Қазақстан ғылымының жаңа белесін айқындайтын бұл орталық ұлттық нейроғылымды халықаралық деңгейге көтеруге серпін бермек. Салтанатты жиында сөз сөйлеген Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мен білім саласын дамытуға айрықша мән беріп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі таңда ғылыми-технологиялық әлеуетті күшейту, пәнаралық зерттеулердің аясын кеңейту және ғылым жетістіктерін нақты өндіріске енгізу еліміздің стратегиялық басымдықтарының бірі.

– Ғылыми-технологиялық әлеуетті арттыру, пәнаралық зерттеулерді күшейту және инновацияларды өндіріске енгізу – ғылыми білім беру қауымдастығының басты міндеттері. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бұл бағыттағы бастамаларды әрдайым қолдап келеді. Ми институтының ашылуы мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі, – деді ректор.

Сонымен қатар, Жансейіт Түймебаев жаңа институттың ашылуы университеттің ғылыми ізденістерін жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам екенін атап өтті. Оның пікірінше, бұл орталық нейроғылым, медицина, биотехнология және жасанды интеллект салаларындағы озық зерттеулердің тоғысқан алаңына айналып, отандық ғылымның халықаралық беделін арттыруға қызмет етеді. Жас ғалымдардың тың идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, адам миын зерттеу бағытындағы әлемдік ғылыми қауымдастықпен байланысты нығайтып, Қазақстан ғылымының жаңа белестерге көтерілуіне жол ашады.

Ақылбек Күршібаев жаңа институттың құрылуы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР Ұлттық ғылым академиясы арасындағы нәтижелі әріптестіктің жарқын көрінісі екенін атап өтті. Оның пікірінше, ғылымның ең күрделі әрі болашағы зор бағыттарының бірі – нейроғылым саласында қолға алынған бұл жоба халықаралық деңгейдегі зерттеулер жүргізуге, жас ғалымдардың ғылыми ізденістерін қолдауға және озық технологияларды дамытуға кең мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ол Ми институты ғылыми жаңалықтарды өндіріспен ұштастырып, Қазақстан ғылымының жаһандық ғылыми кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қызмет ететінін жеткізді. Бұл орталық ғылым мен инновацияны тоғыстырған жаңа буын зерттеу алаңына айналып, елдің интеллектуалдық дамуына елеулі үлес қоспақ. Профессор Әлмира Құстыбаева жетекшілік ететін институт адам санасының сырын терең зерттеуге бағытталған заманауи ғылыми орталық ретінде қалыптасып келеді.

ФОТО: ЕКАРАГАНДА.КЗ

Адамзат көк жүзін бағындырып, ғарыш кеңістігінің құпиясын ашуға талпынып, жасанды интеллект дәуіріне қадам басқан сайын бір ақиқатқа қайта оралады: табиғат жаратқан ең күрделі әрі ең жұмбақ ғалам адамның өз бойында. Ол миллиардтаған нейроннан тұратын, ой мен сананың, сезім мен жадының тылсым мекені болған адам миы. Ғасырлар бойы ғалымдарды таңғалдырған осы құдіретті жүйені тануға деген ұмтылыс бүгінде әлемдік ғылымның басты бағыттарының біріне айналды. Ал, енді бұл жолдағы маңызды ғылыми қадам Қазақстанда да жасалды. Ғылым мен білімнің алтын бесігі саналатын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан мен Орталық Азия кеңістігі үшін тарихи оқиға орын алды. Елімізде алғаш рет мамандандырылған ғылыми-білім беру орталығы – Ми институты салтанатты түрде ашылды. ҚР Ұлттық ғылым академиясының 80 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген бұл маңызды бастама отандық ғылымның жаңа белеске көтерілгенін айғақтап қана қоймай, болашақ ғылыми жаңалықтарға бастар жарқын жолдың да негізін қалады.

Заманауи ғылымның ең күрделі әрі келешегі зор бағыттарының бірі саналатын нейроғылым саласын дамытуға бағытталған институттың ашылуы еліміздің ғылыми-технологиялық әлеуетін арттыруға, жас ғалымдардың ізденісіне серпін беруге және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге жол ашатын тың қадам. Бұл бастама Қазақстанның инновациялық даму стратегиясымен үндесіп, ғылымды өндіріспен, біліммен және медицинаның озық жетістіктерімен ұштастыруға мүмкіндік береді. Ми институтының ашылуы тек жаңа ғылыми орталықтың іске қосылуы ғана емес, сонымен қатар адам санасының құпияларын тануға, озық зерттеулер жүргізуге және интеллектуалды ұлт қалыптастыруға бағытталған стратегиялық маңызды бастаманың жарқын көрінісі.

Іс-шараға еліміздің ғылыми мен білімнің көшбасшылары, медицина саласының білікті мамандары және халықаралық серіктестер жиналды. Салтанатты рәсімге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күршібаев, мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, жетекші медициналық орталықтардың өкілдері, сондай-ақ шетелдік әріптестер қатысты. Ғылым мен тәжірибені, білім мен инновацияны тоғыстырған басқосу жаңа институттың ашылуымен ғана емес, Қазақстандағы нейроғылым саласының жаңа дәуірге қадам басқанын айшықтаған маңызды оқиға ретінде есте қалды. Залға жиналған қауым адам миының құпияларын зерттеуге бағытталған тың бастаманың куәсі болып, болашақ ғылымның келешегіне деген сенім мен үміттің ерекше атмосферасын сезінді.

Ми институтының ашылуы аяқ астынан жүзеге асқан жоба емес. Оның негізі 2018 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан құрылған Когнитивтік нейроғылым орталығында қаланып, осы жылдар ішінде жинақталған ғылыми тәжірибе мен жүйелі зерттеулердің заңды жалғасына айналды. Бұл адам миының күрделі қызметін терең зерттеуге, нейроғылым саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған көпжылдық еңбектің жемісі.

Институтта ғылыми ізденістер халықаралық стандарттарға сай келетін озық технологиялар мен заманауи зерттеу кешендерінің көмегімен жүргізіледі. Атап айтқанда, жоғары дәлдіктегі 3 Tesla магниттік-резонанстық томографы, ANT Neuro компаниясының жоғары тығыздықтағы электроэнцефалография жүйелері, функционалдық жақын инфрақызыл спектроскопия (fNIRS) технологиялары кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдаудың инновациялық әдістері нейроғылым саласындағы зерттеулердің аясын кеңейтіп, адам миының қызметін бұрынғыдан да тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Осының барлығы Ми институтын тек ғылыми-зерттеу орталығы ғана емес, әлемдік ғылым жетістіктерін тоғыстырған, болашақтың технологиялары мен тың жаңалықтары дүниеге келетін

ЖАҢА ҚАЛА: МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ФОТО: АҚОРДА.КЗ



Кеше, 2 маусымда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы облысына жұмыс сапары Алатау қаласының даму жоспарымен танысудан басталды.



Бүгінде қала ауданы 88 мың гектарды құрайды. Шаһар 2050 жылға дейін кезек-кезеңімен дамытылатын 4 арнаулы аумаққа бөлінген. Сонымен қатар, қаланың негізгі даму аймақтары мен табыс көздері айқындалып жатыр. Магистралды инфрақұрылымды ілгерілету бойынша жол картасы қолға алынған. Басқарудың жаңа моделін қалыптастыратын Конституциялық заң қабылданды.

Қазір Gate City тұрғын үй алабы жедел өркендеп келеді. Мұнда «жайлы мектеп» бой көтеріп, «Маревен Фуд», «КНАУФ», Fruit Art, Dolce Pharm және Алматы желдеткіш зауыты секілді жүйе құрайтын кәсіпорындар жұмыс істейді.

Бұдан бөлек, 53 инвестициялық жобадан тұратын пул жасақталды. Оның жалпы сомасы 2 триллион теңгеден асады. Атап айтқанда, PepsiCo компаниясы Орталық Азиядағы картоп өңдейтін ең ірі зауыт салып жатыр. Mars Petcare компаниясы үй жануарларына арналған азық өндіретін өңірдегі алғашқы заманауи әрі бірегей жобаны қолға алды. KHAN TENGRI BIOPHARMA компаниясы дәрі-дәрмек пен медициналық қондырғылар шығарумен айналысады. «Искомтран» және G-Trans компаниялары логистикалық кластер құруда.

Мемлекет басшысына Iconic Complex жобасы таныстырылды. Бұл Алатаудағы көпфункционалды озық кешен саналады. Қаладағы негізгі нысанның бірі Gate District ауданында бой көтермек.

Елімізде Президент Жарлығына сәйкес 2026 жылғы 17 наурыз бен 30 маусым аралығында өтетін көктемгі әскерге шақыру науқаны әлі жалғасып жатыр.

КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ:

ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ТОЛЫҚ ЖАСАҚТАЛДЫ

ФОТО: ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ



1 маусымдағы жағдай бойынша Қарулы күштерді, сондай-ақ ҰҚК Шекара қызметін, Мемлекеттік күзет қызметін және Төтенше жағдайлар министрлігін жасақтау жоспары толық келемде орындалды. Бас штабтың Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің мәліметінше, жаңа шақырылғандардың басым бөлігі жас сарбаздар курсы аяқтап үлгерген. Әскери қызметшілер жалпыәскери жарғыларды оқып, саптық және атыс дайындығының негіздерін меңгерген, қару-жарақтың тактикалық-техникалық сипаттамаларымен танысқан. Дайындықтың қорытынды кезеңі ретінде салтанатты түрде әскери ант беру рәсімі өткізілді.

Қазірдің өзінде мерзімді қызметтің сарбаздары әскери өмірге сәтті бейімделіп, өз міндеттерін атқаруға кірісті. Несие міндеттемелері бар әскери қызметшілер заңнамада қарастырылған мүмкіндікті пайдаланып, қызмет ету мерзімінде төлемдері кейінге қалдырылды. Сонымен қатар, олардың көпшілігі қызметін аяқтағаннан кейін мемлекеттік білім беру гранттарына арналған конкурсқа қатысуды жоспарлап отыр.

Қазіргі уақытта ел өңірлерінде әкімдердің орынбасарларының басшылығымен қалалық және аудандық әскерге шақыру комиссиялары өз жұмысын жалғастырып жатыр. Негізгі күш Ұлттық ұлан бөлімшелерін жасақтауға бағытталған. Жоспарға сәйкес, оның қатарына 7 мыңнан астам жас шақырылатын болады.

Азаматтарға шақыру электронды форматта SMS-хабарламалар және eGov порталы арқылы келу күніне кемінде үш күн қалғанда жіберіледі. Электрондық хабарлама ресми шақыру мәртебесіне ие. Хабарлама алған азаматтар жергілікті атқарушы органдардың әскерге шақыру пунктіне келуге міндетті. Дәлелді себепсіз келмеген жағдайда әкімшілік жауапкершілік, ал әскери қызметтен жүйелі түрде жалтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Жалпы көктемгі әскерге шақыру аясында Қазақстан Республикасының Қарулы күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының қатарына 18 бен 27 жас аралығындағы 21 мыңнан астам азамат қосылады.

Айта кетейік, Құрлық әскерлерінде үш мыңнан астам жас сарбаз Отанға адал болуға ант берді. Салтанатты іс-шара Шымкент, Гвардейск, Абай, Қарағанды, Аягөз, Приозерск, Ескемен және Тараз гарнизондарындағы әскери бөлімдерде өтті. Оған Құрлық әскерлері қолбасшылығының өкілдері, сарбаз аналары комитетінің мүшелері, Қарулы күштердің ардагерлері, сондай-ақ мерзімді әскери қызметшілердің туған-туыстары мен жақындары қатысты.

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ

ЕСКІ 2 000 ЖӘНЕ 10 000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТТАРДЫҢ АЙНАЛЫМ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛАДЫ

Маусым айында ескі үлгідегі 2 000 және 10 000 теңгелік банкноттардың параллель айналым мерзімі аяқталады:

- 2 000 теңгелік банкноттар – 24 маусымда;
- 10 000 теңгелік банкноттар – 27 маусымда айналымнан шығады.

Осы мерзімнен кейін ескі банкноттар төлем құралы болуын тоқтатады, бірақ оларды екінші деңгейлі банктер мен «Қазпошта» арқылы тағы 3 жыл бойы жаңа үлгіге айыр-бастауға болады.

Ұлттық банктің ақпаратна сәйкес, 1 000 теңгелік ескі банкноттар 2027 жылдың 27 наурызына дейін айналымда болады.



ФОТО: ЕКАРАГАНДА.КЗ

1944 жылдың 15 тамызында ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің №457 қаулысымен «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты» болып іргесі қаланған білім ордасы арада қаншама уақыт өтсе де өзінің бастапқы мұратынан айныған емес. Ұлт болашағын тәрбиелі де білімді қыздармен кемелдендіруді мақсат еткен қарашаңырақ бүгінде де сол асыл миссияның үдесінен көрініп келеді.

Бұл оқу орнының тарихы ел тарихымен, ұлт руханиятымен астасқан тағылымды жол. Оның қалыптасуына қазақ ғылымы мен әдебиетінің алыптары Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Нұртас Оңдасынов сынды біртуар тұлғалардың тікелей атсалысуы университеттің мерейін асқақтатып, тарихи бедерін тереңдеті түседі. Сондықтан, бұл білім шаңырағы тек жоғары оқу орны ғана емес, қазақ қызының парасаты мен болмысын қалыптастырған рухани мекен ретінде бағаланады. Бүгінде ғасырлық белеске нық қадам басқан университет жаңашыл бастамаларымен, халықаралық ынтымақтастығымен және ғылым мен білімді ұштастырған заманауи жобаларымен дараланып отыр. Ұлттық құндылық пен әлемдік білім кеңістігін сабақтастырған оқу орны жас буынға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, уақыт талабына сай жаңғырудың жарқын үлгісін көрсетуде.

Осы бағыттағы жүйелі жұмыстарды кеңінен таныстыру мақсатында университетте «Мектеп – университет – нарық: білім берудің жаңа архитектура-сы» атты педагогикалық идеялар фестивалі аясында республикалық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған баспасөз туры ұйымдастырылды. Бұл сапар қатысушыларға оқу орнының тек сәулетті келбетін ғана емес, оның терең рухани қуатын, даму философиясын, білім беру кеңістігіндегі жаңашыл бағытын және қазақ қыздарының болашағына жол ашқан тағылымды миссиясын жақыннан тануға мүмкіндік берді.

Баспасөз турының басты ерекшелігі – ресмиліктен гөрі ашық пікір алмасуға, еркін сұхбат пен шынайы диалогқа басымдық берілді. Журналистер университеттің басқарма төрағасы – ректор Бейбіткүл Кәрімовамен жүздесіп, оқу орнының бүгінгі тыныс-тіршілігі, стратегиялық бағыты, білім беру жүйесіндегі жаңашыл бастамалары мен алдағы даму жоспарлары жөнінде жан-жақты мәлімет алды.

– Біз бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен әрдайым ашық әрі тығыз байланыс орнатуға мүдделіміз. Сіздердің кәсіби пікірлеріңіз бен шынайы бағаларыңыз университет үшін аса маңызды, – деп пікірін білдірді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Бұл сөзден университет басшылығының қоғаммен байланысқа бейжай қарамайтыны, керісінше медиа мен білім кеңістігінің өзара үндестігін маңызды санайтыны анық сезілді. Дөңгелек үстел форматында өткен мазмұнды басқосуда журналистер білім сапасы, студенттердің әлеуметтік жағдайы, халықаралық серіктестік, ғылыми әлеует, академиялық мобильділік және университеттің ұзақмерзімді даму стратегиясына қатысты көкейдегі сауалдарын еркін қойып, нақты әрі түшымды жауап алды. Оқу орнының бүгінгі келбетін ғана емес, оның болашаққа бағытталған айқын ұстанымын да таныта түсті. Баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері университеттің заманауи инфрақұрылымымен, жаңартылған оқу аудиторияларымен және инновациялық білім беру кеңістіктерімен танысты. Әсіресе, жалпы білім беретін мектептерге шахмат пәні мұғалімдерін даярлауға бағытталған «KazChessLab» білім беру алаңы көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды. Журналистер блиц-партия ойнап көріп, интеллектуалды ойлау жүйесін дамытуға негізделген жаңа әдістеменің мазмұнымен жақын танысты. Бұл жоба білім беру үдерісіне тың серпін әкелетін заманауи бастамалардың бірі ретінде жоғары бағаланды.

– Біздің басты мақсатымыз – журналистерге университеттегі жаңа бастамаларды, тың жобалар мен жүзеге асып жатқан өзгерістерді жақыннан көрсету. Бүгінде білім ордасы тек оқу процесімен ғана шектелмей, заман талабына сай жаңашыл бағыттарға бет бұрып келеді. Осындай игі істерді қоғаммен ашық бөлісу, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнату біз үшін маңызды, – деді QuzPU басқарма төрағасы, ректор кеңесшісі Ду-ман Жекенов.

Сапар барысында университеттің тек білім берумен шектелмей, тұлғалық даму, шығармашылық еркіндік пен интеллектуалдық әлеуетті қатар дамытатын орта қалыптастырып отырғаны анық байқалды. Бұл уақыт талабына сай жаңарған, бірақ рухани тамырынан ажырамаған білім ордасының айқын келбеті еді.

Сонымен қатар, қонақтар «QuzPU» медиастудиясының, Баспасөз қызметі редакциясының, жаңартылған хореография залының және Сералы Қаниев атындағы кітапхананың жұмысын көрді. Бұл нысандар университеттің тек педагог маман даярлап қана қоймай, студенттік жан-жақты дамуына жағдай жасап отырғанын көрсетті. Баспасөз турының маңызды бөлігі ғылыми-зерттеу бағыттарына арналды. Сонымен қатар, Молекулалық физика және термодинамика зертханасын-



ТАРИХТАН ТАМЫР ТАРТҚАН, БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ АЛҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Қазақ қыздарының парасаты мен болмысына айналған қасиетті қарашаңырақ Қыздар университеті – білім мен тәрбиені қатар өрген рухани орда. Бұл тек маман даярлайтын оқу орны ғана емес, арманын арқалап келген әрбір бойжеткеннің қанатын қатайтып, болашаққа сеніммен қадам бастайтын мекен. Ғасырлық тағылым мен заманауи білім үндескен университеттің әр қабырғасынан қазақ қызына тән нәзіктік пен қайсарлықтың, білім мен мәдениеттің лебі сезіледі. Ұлт зиялыларының қолтаңбасы қалған қасиетті білім мекені уақытпен бірге жаңарып, жаңа дәуірдің талаптарына бейімделген келбетін қалыптастырып келеді. Бір кездері қазақ қыздарының сауатын ашып, елге қызмет ететін ұстаз тәрбиелеу мақсатында құрылған оқу орны бүгінде халықаралық деңгейдегі ғылыми-білім беру кеңістігіне нық қадам басқан іргелі университетке айналды. Ғылым мен инновация, шығармашылық пен цифрлық технология үндескен бұл ортада ұлттық рух та, жаһандық даму да қатар өріліп жатыр.



да, Биотехнологиялық зерттеулер зертханасында және «PHYWE» интерактивті кабинетінде болып, ғалымдар мен студенттердің ғылыми жобалары көрсетілді. Қазіргі таңда университет ғылым мен инновацияны білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналдыруға басымдық беріп отыр. Бұл бағытта жас зерттеушілерге қолдау көрсету, халықаралық ғылыми жобаларға қатысу және тәжірибелік зертханаларды жаңғырту жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Бүгінде QuzPU – ұлттық білім мен заманауи дамуды ұштастырған іргелі оқу ордасына айналды. Университет құрамындағы бір колледж бен бес институтта 12 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Бұл сан түрлі арман мен болашаққа ұмтылған жастардың үлкен ортасы.

Қыздар университетінің білім кеңістігі Қазақстанмен ғана шектелмейді. Бүгінде мұнда Өзбекстан, Моңғолия, Қытай, Ресей, Түрікменстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан келген шетелдік жастар да тәлім алууда. 2025-2026 оқу жылында шетелдік студенттер саны 182-ге жетсе, алдағы уақытта бұл көрсеткішті 350-ге дейін арттыру жоспарланған. Бұл университеттің халықаралық деңгейдегі беделі мен сенімінің айқын белгісі.

Қазіргі таңда QuzPU әлемнің 23 еліндегі 83-тен астам университет және ғылыми орталықпен серіктестік байланыс орнатып, жаһандық білім кеңістігіне нық қадам басып келеді. Халықаралық рейтингтердегі нәтижелер де оқу орнының қарқынды дамуын дәлелдей түседі. 2026 жылы университет тұрақты даму бойынша әлемдік университеттер рейтингінде 1501+ позициясына ие болды. Сонымен қатар, Азия университеттері рейтингінде 1001-1100 аралығына еніп, Орталық Азия жоғары оқу орындары арасында 59-орынға тұрақтады. Ал, QS Stars халықаралық рейтингтік жүйесінің 4 жұлдыз иегері атануы университеттің тек Қазақстан көлемінде емес, әлемдік білім кеңістігінде де өз орны қалыптасып келе жатқанын аңғартатын маңызды жетістік. Сапалы білімге,

ғылымға және қазақ қыздарының болашағына бағытталған жүйелі жұмыстың жемісі.

QuzPU-дың 2025-2029 жылдарға арналған даму стратегиясы білім сапасын арттырып қана қоймай, университетті жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті академиялық ортаға айналдыруды көздейтін ауқымды қадам. Бұл бағыттағы басты құндылықтың бірі адам капиталы, яғни сапалы кадрлық әлеует қалыптастыру.

Бүгінде оқу орнында 744 профессор-оқытушы қызмет атқарады. Олардың қатарында 23 ғылым докторы, 161 ғылым кандидаты және 87 PhD докторы бар. Университетте білім беру үдерісі тек теориямен шектелмейді. Мұнда жас мамандарды заманауи талапқа сай даярлау, ғылыми зерттеулерді дамыту және халықаралық тәжірибені енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әсіресе, оқытушылар құрамының кәсіби біліктілігін арттыру мен академиялық еркіндікті нығайтуға ерекше басымдық берілген. Осындай іргелі ғылыми орта мен жаңашыл көзқарас университеттің келешекке сенімді қадам басып келе жатқанын аңғартады. Себебі, сапалы университет ең алдымен, сапалы ұстаздардан басталады.

Бүгінгі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті тек педагог мамандар даярлайтын оқу орны емес. Бұл ұлттық тәрбие мен инновацияны, ғылым мен шығармашылықты, дәстүр мен цифрлық технологияны тоғыстырған заманауи білім кеңістігі. Баспасөз туры барысында байқалған басты ерекшелік – университеттің жаңашылдығы және болашаққа деген айқын бағдары. Ұлт қыздарын білім мен парасат биігіне жетелеген қарашаңырақ бүгінде халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті университетке айналу жолында сенімді қадам жасап келеді.

Университеттің тек оқу процесімен шектелмей, ғылым, инновация, шығармашылық және халықаралық

ынтымақтастық бағытында да қарқынды дамып отырғаны айқын аңғарылды. Ең бастысы, бұл оқу орнында ұлт болашағына қызмет ететін білімді де білікті, рухани танымы терең жас буынды қалыптастыруға деген шынайы ұмтылыс сезіледі.

Қыздар университетінің бүгінгі келбеті уақытпен үндескен жаңғырудың, білім мен тәрбиені қатар өрген терең танымның көрінісі. Бір кезде ұлт қыздарының тағдыры үшін ашылған қарашаңырақ бүгінде халықаралық деңгейде мойындалған іргелі білім ордасына айналып отыр. Мұнда тек маман даярланбайды мұнда болашаққа сеніммен қарайтын, ұлттық рухани жүгін көтере алатын парасатты қыздар тәрбиеленеді.

Қазақтың маңдай алды тұлғалары іргесін қалаған қасиетті білім ордасының бүгінгі тынысы жаңашылдық пен ұлттық құндылықтың жарасымды үйлесімі. Әлемдік рейтингтерге еніп, халықаралық байланысын кеңейтіп, ғылым мен білім көшіне ілескен университеттің әр жетістігінің артында үлкен еңбек, айқын мақсат және ел болашағына деген жанашырлық жатыр.

QuzPU қазақ қызының арманын асқақтататын, білімге жол ашатын, болашаққа бағыт беретін рухани мекен. Осындай оқу ордасының бар екені елдің ертеңіне деген сенімді күшейтеді.

Индира БІРЖАНСАЛ



Қазіргі ақпараттық технология дамыған заманда кітаптың орны өзгерген жоқ. Керісінше, рухани құндылықтардың қадірі артып тұрған кезеңде кітаптың қоғам үшін маңызы бұрынғыдан да тереңдей түсті. Осы орайда 2026 жылдың 16 мамырында Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлық – ел болашағына бағытталған маңызды құжаттардың бірі.

ОҚИТЫН ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ – КІТАПХАНА

Ол кезде ата-аналарымыз совхоздың қарапайым жұмысшылары газет-журналдарды үзбей жаздырып алатын. Үйге келген әр басылымды отбасы болып кезектесіп оқитынбыз. Әкем мақалаларды дауыстап оқып берсе, анамыз тәрбиелік мәні бар дүниелерді талқылайтын. Осындай орта бізді кітапқа жақын етіп тәрбиеледі. Шын мәнінде, кітап оқу мәдениеті ең алдымен отбасынан басталады.

Бүгінде заман өзгерді. Ақпарат алудың мүмкіндігі арты. Алайда кітаптың тәрбиелік және танымдық маңызы ешқашан төмендеген емес. Осы тұста кітапханашы мамандардың еңбегі ерекше құрметке лайық.

Көпшілік кітапханашыны тек кітап беретін қызметкер ретінде қабылдауы мүмкін. Бірақ, шын мәнінде кітапханашы – оқырман мен руханият арасындағы алтын көпір. Әсіресе, балалар мен жастардың кітапқа қызығушылығын арттыруда кітапханашының рөлі айрықша.

Қазіргі кітапханашы заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, ізденімпаз болуы керек. Олар түрлі әдеби кештер, кітап көрмелері, кездесулер, оқырман клубтарын ұйымдастырып, жастардың кітапқа деген қызығушылығын оятып келеді. Кейде бір кітапханашының дырыс бағыт-бағдары адамның өмірлік жолына әсер етуі мүмкін.

Өзім қызмет атқарып жүрген Сералы Қаниев атындағы ғылыми кітапхана ұжымында да оқырман мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Кітап көрмелері, әдеби-танымдық кездесулер, ақпараттық сағаттар, кітап таныстырылымдары мен түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Әсіресе, студент жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында жаңа форматтағы жобалар қолға алынууда. Бұл – кітапхананың тек кітап сақтайтын орын емес, рухани әрі мәдени орталыққа айналып келе жатқанын көрсетеді.

Президент Жарлығында жаңа форматтағы кітапханаларды дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі де өте орынды. Бүгінгі кітапхана – тек кітап сақтайтын орын емес. Ол – білім мен мәдениеттің, шығармашылық пен еркін ойдың орталығы болуы тиіс.

Қазіргі заман кітапханаларында электронды дерекқорлар, мультимедиялық аймақтар, коворкинг орталықтары, шығармашылық кеңістіктер мен ашық оқу алаңдары қамтылған. Оқырмандарды кітапханаға тарту үшін заманға сай қолайлы орта қалыптастырылған.

Әлемдік тәжірибеде кітапханалар қоғамның ең белсенді мәдени орталығы болып саналады. Қазақстандағы кітапханалардың да осы бағытта жаңғыруы, жаңаруы – уақыт талабы.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітапхана және кітап шығару ісі туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасын әзірлеу туралы бастама көтерді. Бұл – кітапхана саласы үшін тарихи маңызы зор шешім.

Осы уақытқа дейін кітапхана ісін жүйелейтін арнайы заңның болмауы сала мамандары үшін үлкен мәселе болып келген еді. Ал, жаңа заң кітапханалардың мәртебесін көтеруге, кітапханашылардың кәсіби беделін арттыруға, кітап қорын толықтыруға және баспа ісін дамытуға тың серпін береді деп сенеміз.

Кітапхана – ұлттық рухани жады. Ал, кітап оқитын ұрпақ – елдің жарқын болашағы. Сондықтан, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру – баршамызға ортақ міндет.

Бүгінгі жас ұрпақ технологияны еркін меңгергенімен, кітаппен де дос болуы керек. Себебі, кітап адамды ойлауға, саралауға, терең танымға тәрбиелейді. Рухани бай, білімді, парасатты қоғам қалыптастырудың басты жолы да осы.

Президент бастамалары елімізде кітап оқу мәдениетінің жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етеді деп сенеміз. Өйткені, оқитын ұлт қана – зерделі ұлт бола алады.



Бақыт ӘБДІРАХМАНҚЫЗЫ, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Сералы Қаниев атындағы ғылыми кітапхананың бас кітапханашысы



■ «ESIL UNIVERSITY СЕРПІНДІ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ – БІЛІМ АЛУШЫЛАР САНЫНЫҢ ЖЫЛ САЙЫН АРТУУЫ»

– Аяпберген Алданаулы, 1913 жылы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов сынды Алаш арыстары негізін қалаған «Qazaq» газетіне өзіңіз басқарып отырған іргелі білім ордасының ахуалы турасында кеңірек әңгіме қозғау үшін уақыт бөлгеніңізге алғысымызды білдіреміз. Ел астанасындағы заманауи үлгідегі оқу орны маман даярлауда басты басымдықты не нәрсеге беріп отыр? Сұхбатымыздың кіріспесін университеттің бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері жайында әңгімеден бастасақ.

– Рақмет. «Qazaq» газетінің отандық баспасөз тарихындағы орны бөлек. Сондықтан Сіздердің басылымға сұхбат беру мен үшін үлкен мәртебе.

Университеттің тарихы тереңнен бастау алады. 1999 жылы әйгілі Нархоздың елордалық филиалы ретінде іргетасы қаланып, кейіннен Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті ретінде елімізге танылды. Ал, 2022 жылы жаңа стратегиялық көзқарасқа сай ребрендинг жасалып, Esil University болып өзгердік. Бүгінде Esil University еңбек нарығына экономикалық және цифрлық бағыттар бойынша бәсекеге қабілетті мамандар даярлап отырған жетекші оқу орны ретінде қалыптасып келеді.

Университетіміздің серпінді дамуының басты көрсеткіші білім алушылар контингентінің жыл санап артуы. Мысалы, 2022 жылы студенттер саны 2100-ді құраса, 2023-2024 оқу жылында 2384-ке, 2024-2025 оқу жылында 3243-ке, ал ағымдағы 2025-2026 оқу жылында 4843 студентке жетіп отыр. Біз еңбек нарығының тамырын дөп басып, дәл қазір үлкен сұранысқа ие заманауи мамандықтар мен жаңа біліктілік бағдарламаларын белсенді енгізіп жатырмыз. Біздің басты басымдығымыз сапалы білім мен тәжірибені ұштастыру болып қала береді.

– Ынтымақ ырысқа бастайды, толағай табыстарға жол ашады. Университеттің шетелдік жетекші білім ордаларымен байланысы қандай? Қарым-қатынастар оңтайлы жолға қойылған ба? Қандай бағыттар бойынша бірлесе жұмыс істеп, өзара тәжірибе алмасып жатырсыздар?

– Халықаралық ынтымақтастық – біздің дамуымыздың негізі. Қазіргі таңда Esil University 97 шетелдік серіктеспен тығыз байланыс орнатқан. Бізде студенттерге әлемдік деңгейде білім алуға кең мүмкіндіктер жасалып отыр. Мысалы, Оңтүстік Кореяның Kangnam University, Польшаның University of Economics and Applied Sciences және Францияның College de Paris оқу орындарымен қос дипломды бағдарламаларымыз сәтті жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, ERASMUS+ бағдарламасы аясында Испанияның Valladolid University университетімен, сонымен қатар Венгрия, Түркия, Әзірбайжан және Оңтүстік Кореяның жетекші ЖОО-ларымен академиялық ұтқырлық бағдарламалары жүйелі түрде іске асырылуда.



● «QAZAQ-TYH» АНЫҚТАМАСЫ: ●

Esil University – Қазақстан астанасындағы заманауи, жетекші университет. Оқу орны жоғары интеллектуалдық әлеуетімен, мықты беделімен және жиырма жылдан астам барысында қалыптасқан ерекше даму стилімен мақтана алады.

Esil University-дің негізгі мақсаты – білім беру мен ғылыми зерттеулерді біріктіруге негізделген тиімді білім беру жүйесін құру арқылы бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлау.

Университетте білім беру мемлекеттік білім беру гранттарымен, жергілікті атқарушы органдардың гранттарымен және келісімшарт негізінде бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – түлектер арасында жоғары табысқа жететін заманауи, мобильді, ықшам (6000 студентке дейін) университет құру.

– Бұл – біздің ең басты мақтанышымыз. Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың ресми мәліметіне сәйкес, Esil University түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 82%-ды құрайды. Бұл – еліміз бойынша өте жоғары әрі сапалы көрсеткіш.

Біздің түлектер елордамыздың және еліміздің ірі қаржы институттары мен компанияларында еңбек етеді. Олардың қатарында Kaspi.kz, ForteBank, Jusan Bank, Nurbank, Bereke Bank, «Қазақстан темір жолы», «Қазақмыс», Hilton Hotels&Resorts, Kazakh Tourism секілді алпауыт мекемелер мен мемлекеттік органдар бар. Жұмыс берушілер тарапынан біздің түлектерге сұраныс өте жоғары.

■ «УНИВЕРСИТЕТТЕ ЖАҢА ЖАТАҚХАНА МЕН ЗАМАНАУИ ОҚУ КОРПУСТАРЫ ПАЙДА БОЛАДЫ»

– Жоғары оқу орындары еңбек нарығына бейімделген кадрлар даярлауы тиіс. Бүгінде отандық университеттердің алдына осындай міндет қойылып отыр. Бұл тұрғыда Esil университетінде қандай нақты қадамдар жасалуда?

АЯПБЕРГЕН ТАУБАЕВ, ESIL UNIVERSITY РЕКТОРЫ, ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР:

«БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ – ESIL UNIVERSITY-ДІ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ РЕТİNДЕ ДАМУЫ»

– Біз теориямен қатар практикаға, цифрландыруға және инновацияға аса мән береміз. Осы мақсатта университетте бірегей ESIL DIGITAL ALLEY (Цифрлық аллея) құрылды. Мұнда студенттердің заман талабына сай білім алуы үшін «Жасанды интеллект зертханасы», «Робототехника және 3D-технологиялар зертханасы», «NIKVISION Lab» оқу зертханасы және «Цифрлық инклюзия орталығы» жұмыс істейді.

Сонымен қатар, қазіргі заманауи маманның бойында digital skills, яғни цифрлық дағдылар болуы шарт. Осы мақсатта бізде ең заманауи құрылғылармен жабдықталған ESIL MEDIA HUB және EdSmart мультимедиялық интерактивті студиясы іске қосылды.

Бұл кешендер біздің оқытушыларымыз бен студенттерімізге заманауи контент жасауға, жобаларын мультимедиялық форматта қорғауға және цифрлық технологияларды еркін меңгеруге мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз – түлектеріміздің еңбек нарығында кез келген заманауи құралмен және бағдарламамен еркін жұмыс істей алуы.

– Мемлекет басшысы Үкіметке жатақханалар салу, жоғары білім мен ғылым инфрақұрылымын одан әрі дамыту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді. Жоғары оқу орындары үшін жатақхана мәселесі – күрмеуі қиын түйткілдің бірі. Esil университетінде студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету деңгейі қандай?

– Иә, инфрақұрылымды кеңейту және студенттерге қолайлы жағдай жасау – университет дамуының маңызды бағыттарының бірі. Бүгінде Esil University-де оқу процесі 2 оқу корпусында жүргізіледі. Университеттің 200 орынға арналған жеке жатақханасы бар. Сонымен қатар, студенттерді орналастыру мәселесін шешу үшін Астана қаласындағы жеке жатақханалармен келісімшарттар жасалып, қосымша 350-ге жуық орын қарастырылған.

Әрине, студенттер саны артқан сайын жатақханаға деген сұраныс та өсіп келеді. Сондықтан біз бұл мәселені уақытша келісімшарттар арқылы ғана емес, ұзақ мер-

зімді инфрақұрылымдық шешімдер арқылы да реттеуді көздеп отырмыз. Осы мақсатта 350 орынға арналған жаңа жатақхана құрылысы жобалау кезеңінде. Құрылыс жұмыстары биыл басталып, нысанды 2027 жылы аяқтау көзделуде.

Бұдан бөлек, университеттің оқу инфрақұрылымы да кеңейтілуде. Қазіргі таңда ауданы 5000 шаршы метр болатын жаңа заманауи оқу ғимаратының құрылысы жүргізіліп жатыр. Оны осы жылдың күзінде пайдалануға беру жоспарланған. Жаңа ғимаратта заманауи аудиториялар, жеке спорт залы, коворкинг орталығы және студенттердің жан-жақты дамуына арналған қолайлы кеңістіктер болады.

– Рейтинг – бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіші. Университеттердің түрлі рейтингтегі позициясы оның білім кеңістігіндегі орын айшықтаса керек. Соңғы жылдар белесінде Esil университетінің бұл тұрғыдағы көрсеткіштеріне тоқталып өтсеңіз. Жалпы өзіңіздің рейтингке деген жеке көзқарасаңызды білсек...

– Рейтингке көзқарасым түзу. Бұл сыртқы тәуелсіз бағалау әрі білім нарығындағы шынайы бәсекелестік алаңы. Мен үшін ең басты рейтинг – түлектеріміздің

сұранысқа ие болуы мен жұмыс берушілердің алғысы. Дегенмен, ресми көрсеткіштер де біздің дұрыс бағытта келе жатқанымызды дәлелдейді.

Бүгінде Esil University отандық және халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаланып отыр. Мысалы, Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттіктің (IQAA) қорытындысы бойынша еліміздегі үздік гуманитарлық-экономикалық жоғары оқу орындарының алғашқы бестігіне ендік. Ал, мамандықтар бөлінісіне келсек, «Маркетинг және жарнама» бағыты бойынша республикада үздік үштікке, ал «Менеджмент» пен «Статистика» саласында төртінші орынға тұрақтадық. Тәуел-



Ерекше мақтанышпен айта кететін жайт, 2023 жылы Esil University Қазақстанда тұңғыш рет Улыбританияның беделді CMI (Chartered Management Institute) халықаралық ұйымымен келісімге келді. Төрт білім беру бағдарламамыз CMI Recognition мәртебесін алып, студенттеріміз оқу бітіргенде халықаралық деңгейдегі сертификатталған диплом алу мүмкіндігіне ие болды.

– Ғылыми әлеуетті нығайту – бәсекеге қабілетті елдер қатарына енудің басты қадамы. Мемлекет басшысы отандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының алдына ғылыми әлеуетті арттыру мәселесін қояды. Esil университеті де кадрлар даярлаудан басқа, сондай-ақ іргелі ғылымның дамуына өз үлесін қосып келе ме?

– Иә, Esil University кадрлар даярлаумен қатар, ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға да ерекше мән береді. Бүгінде университеттің ғылыми әлеуетін нығайту бағытында нақты нәтижелер бар. Атап айтқанда, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру және гранттық қаржыландыру аясында жалпы көлемі 3,9 млрд теңгеден астам ғылыми жобалар жүзеге асырылуда. Оның ішінде, жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын келісімшарттық тақырыптар бойынша 3,2 млрд теңгеден астам қаражат тартылған.

Ғылымды одан әрі дамыту үшін университет тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Профессор-оқытушылар құрамы гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурстарына белсенді қатысуға ынталандырылуда. Сондай-ақ ғылыми инфрақұрылымды жетілдіру, аудиториялық қорды жаңарту, жаңа зертханалар ашу бағытында жұмыстар атқарылуда.

Бұдан бөлек, университет оқытушыларының Scopus және Web of Science сияқты халықаралық дерекқорларда индекстелетін журналдарда ғылыми мақалалар жариялауына жүйелі түрде қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, 2022 жылдың басынан бүгінгі күнге дейін университет ғалымдарының қатысуымен аталған дерекқорларда 250-ден астам ғылыми мақала жарияланды. Сонымен қатар, авторлық куәліктер алу, ғылыми әзірлемелерді тіркеу және зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу мәселелері де назардан тыс қалған емес.

Жалпы алғанда, Esil University ғылымды дамытуға, ғылыми әлеуетті арттыруға және отандық жоғары білім мен зерттеу кеңістігін бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге өз үлесін қосып келеді.

■ «ESIL UNIVERSITY ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ КӨРСЕТКІШІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ»

– Мемлекет басшысының алға қойған міндетін нәтижелі еңсеру үшін бірқатар істер қайта сарапталып, терең талдау жүргізілді. Ғылымды өркендету үшін кадрлық әлеует жоғары болуы тиіс екендігі белгілі. Бұл тұрғыда жас ғалымдардың алар орны орасан. Университеттегі жас ғалымдардың үлес салмағы қандай және оларды ынталандыру мақсатында қандай игі істер қолға алынауда?

– Біздің профессорлық-оқытушылық құрамымыздың ғылыми әлеуеті айтарлықтай жоғары. Университетте жалпы саны 224 оқытушы еңбек етсе, олардың әрбір екіншісі ғылыми дәрежеге ие. Атап айтқанда, оқу орнында 17 ғылым докторы, 55 ғылым кандидаты және 40 PhD докторы қызмет атқарады. Сонымен қатар, 99 магистр білім беру үдерісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына өз үлесін қосып келеді.

Жас ғалымдар мен магистранттарды ғылымға тарту үшін университетте заманауи ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы қалыптастырылған. Қазіргі таңда оқу орнында 14 ғылыми-зерттеу зертханасы мен 12 оқу зертханасы жұмыс істейді. Соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы атындағы зертханалар жас зерттеушілердің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды алаңдардың бірі болып отыр. Сонымен қатар, Г. Сейтқасымов, С. Байзақов, А. Нұрұмысов секілді көрнекті ғалымдардың атындағы арнайы зертханалық кешендер де студенттер, магистранттар мен жас ғалымдардың ғылыми ізденістеріне жол ашуда. Бұдан бөлек, жастарды гранттық жобаларға белсенді тартып, олардың зерттеу жұмыстарына материалдық тұрғыдан қолдау көрсетіп келеміз.

– Түлектерді жұмыспен қамту – оқу орнының басым міндеттерінің бірі. Жұмыс берушілердің университет бітірушілеріне сұранысы қандай?

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА:

- **Тиімді маман: ол қандай?**
- Тиімді маманның бойындағы ең басты қасиет біліктілік пен жауапкершілік. Ол үнемі ізденісте жүретін, өзгерістерге тез бейімделгіш, цифрлық технологияларды жетік меңгерген және өз ісінің нағыз кәсіпқойы. Адам қаншалықты білікті болса да, бойында жауапкершілік болмаса, тиісті міндеттер мен тапсырмалар уақытылы орындалмайды.
- **Қазіргі жастардың бойындағы қандай қасиет ұнайды?**
- Еркіндік, батылдық, жаңашылдыққа құштарлық және шекарасыз ойлай алу қабілеті. Қазіргі жастар үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ең бастысы, олар цифрлық дәуірге өте тез бейімделген. Қазіргі тілмен айтқанда, өте креативті, яғни үнемі дамуға және жаңашылдыққа дайын тұрады.
- **Өмірде өз жолын табу үшін ең басты қандай қасиет болуы керек?**
- Мақсатқа деген адалдық, еңбекқорлық және ешқашан берілмейтін қайсар мінез. Сонымен қатар, үнемі ізденіс үстінде болу керек. Ізденіс нәтижесінде алған жаңа білімінді өмірде жүзеге асыра білу маңызды. Және тағы да айтарым жауапкершілік. Ең алдындағы, орта алдындағы жауапкершілікті сезінген адамның жолын тағдырдың өзі айқындап береді.
- **Достардың көп болуы мүмкін бе?**
- Таныстар көп болуы мүмкін, ал шынайы, қиын сәтте табылатын нағыз дос әрқашан санаулы болады. Шын мәніндегі достық – адалдыққа, қамқорлыққа және өзара сенімге негізделеді. Өмірдің әр кезеңінде әртүрлі адамдар жолыңды мүмкін, бірақ шынайы достар балалық шақтан, мектеп пен университет жылдарынан басталады. Сондықтан олардың көп болуы мүмкін емес.
- **Болашақтан не күтесіз?**
- Еліміздің ғылыми мен білімі өркендеп, жастарымыз әлемдік аренада топ жаратын жарқын күндерді күтемін. Біздің қоғамның жасампаздығы тек үлкен жетістіктер мен дамуға алып келуі тиіс. Мен Қазақстанды әлемдегі ең дамыған, өмір сүруге қолайлы әрі қауіпсіз елдердің қатарынан көрінетініне сенімдімін.
- **Адал адам, ол қандай?**
- Сөзі мен ісі бір жерден шығатын, ар-ұжданы алдында таза және өзгенің еңбегін бағалай білетін жан. Адал адам өзінің ішкі берік ұстанымдары бар және жауапкершілікті терең түсінетін тұлға. Ондай қасиет пен тәрбие алдымен отбасынан, мектептен басталып, кейін кәсіби қызметте шыңдалады. Ол өз ортасының, отбасының және әріптестерінің алдындағы міндетін адал атқарады.

Жақып Ақбаев 1876 жылы Семей өңіріне қарасты Қарқаралы уезінің №3 ауылының Тәңіректес деген жерінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Арғын тайпасының Қанды руынан.



Дисклеймер: Бұл сурет жасанды интеллект көмегімен салынған. Салған: Айнұр Қайратбекқызы. Тарихи суреттер мен сипаттамаларына негізделген. Яғни, деректі фотосурет емес.

Алғашқы білімін ауылда алып, кейін Омбы және Томск гимназиясында оқыған. Білімге жастай құштарлығы оны Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне алып келеді. Университетті алтын медальмен бітіріп, қазақ халқының тұңғыш магистрі деген жоғарғы ғылыми атаққа ие болады. ЖОО-да оқып жүрген кезінде білімнің әр саласын меңгеруге талаптанады. Мемлекеттік сынақ комиссиясында «Қазақтардың некелік құқығы» тақырыбын қорғауға бекітіп алады. Кейін осы тақырыпты түрмеде отырғанда тереңірек жалғастырып, 1907 жылы Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің баспасөзінде жариялады.

Жақып Ақбаев оқуын 1903 жылы бітіріп еліне келген соң, келісіммен Омбы қаласында сот палатасында палата хатшысы, бітістіруші судья қызметтерін атқарады. 1905 жылы 15 қарашадағы патша манифесін жария еткен жиында Ақбаев сөз сөйлеп, патша үкіміне қарсылығын ашық білдіреді. Осы әрекеттері үшін 1906 жылы алғаш рет тұтқынға алынып, Семей түрмесіне қамалады. Одан 1908 жылы әуелі Омбы, кейін Жетісу облысының Қапал қаласына жер аударылып абақтыға жабылады. Осы кезден бастап Жақып Ақбаев патша және Кеңес өкіметі кездерінде үнемі қуғын-сүргін және тепкі көріп, абақты мен айдаудан көз ашпады. Бұл жайлы «Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедиясында» /Бас ред. Ж. Тойбаева – Алматы: «Қазақ энциклопедия», 2017. – 28 бет) айтылған. Қоныс аударушыларға қазақтардың жер бермейтіндігін, осы жер үшін өлуге де дайын екендігін айтып, тәуелсіздік пен қарулы көтеріліс сияқты саяси мәселені тұңғыш рет ашық талап еткен Жақып Ақбаев болатын.

Жақып Ақбаев 1910 жылғы ақпаннан 1912 жылғы ақпанға дейін Троицк қаласында айдауда болды. Бұл қайраткердің «Айқап» журналындағы мақалаларының жазылған мерзіміне сәйкес келеді, аталған басылымның редакциясы сол Троицкіде болатын. Жақып Ақбаевтың буркеншік аттары әлі күнге дейін белгісіз, анықталған да жоқ. Бұл туралы «Жеті жарғы» баспасынан 1996 жылы шыққан заң ғылымының докторы, профессор Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Алаш ардагері» атты кітабында біршама деректер келтірілген.

Ақбаев 1914 жылы өзін Омбы сот палатасына қызметке қабылдауға өтініш береді. Алайда оның өтініші «саяси сенімсіздігі», «патшаға тіл тигізгендігі» және басқа да «қылмыстары» үшін қабылданбайды. Бұған қарамастан Ж. Ақбаев езілген жерлерінің мүддесін қорғап, адвокаттық практикамен айналыса бастады. 1915-1916 жылдары патша үкіметіне қарсы келгені үшін тағы да түрмеге жабылып, Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылдың басында түрмеден босатылады. Кейін ол Алаш қозғалысына белсене араласады.

1917 жылғы шілде айында Жалпықазақ съезінде депутаттыққа сайланып, желтоқсандағы съезде Алаш-орда үкіметінің мүшесі болады. Ақбаев құқық жөніндегі маман ретінде Алаш автономиясының құқықтық негіздерін қалады және оның жергілікті басқару органдарын белгіледі. Оның кеңесімен және қатысуымен ежелгі қазақ жерлерінің басым бөлігі Алашорда автономиясына енгізілді. Сондай-ақ Ж. Ақбаев бұл кезеңде тұрақты әскер құру идеясын да ұсынады.

Азамат соғысы жылдары, атап айтқанда 1919 жылы қаңтарда Колчак агенттері Ақбаевты қолға түсіріп тұтқынға алып, айып тағады. Бұл туралы «Алаш ісі 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары». 2-томның (Құраст.: М. Қойгелдиев, З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. Алматы: «ЛЕМ» баспасы, 2023. – 219 бет): «...за попытку

Тек 1928 жылы көп қиындықпен Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болып орналасады. Әбден шаршаған ол саяси айыптаулардан аулақ болу үшін қазіргі Жамбыл облысының Шу ауданындағы Новотроицкое селосына (қазіргі Төлеби ауылы) кетеді. Бірақ, Ақбаев басқа да Алаш қайраткерлері сияқты сталиндік зобалаңға түсіп, науқастығына қарамай 1930 жылы тамыз айында тұтқынға қамалып, бес жыл мерзімге Воронеж облысына жер аударылады. Солтүстіктің салқын климатына жағдайы келмеген Жақып Ақбаевтың түрмеде отырғанда және айдауда жүргенінде-ақ денсаулығы тіптен нашарлап кетеді. Айдаудағы адамның өлім халіне жеткенін байқаған түрмешілер рақымшылық білдіріп, Жақып Ақбаевты өтініші бойынша 1934 жылы түрмеден шығып, Алматыда емделуіне рұқсат береді. Бұл жөнінде «Алаш ісі 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тер

АЛАШТЫҢ АРДА ТУҒАН БІР АРЫСЫ ҰМЫТ ҚАЛА МА?

(ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ҚҰҚЫҚТАНУ МАГИСТРІ, ЗАҢҒЕР ЖАҚЫП АҚБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 150 ЖЫЛ)

к свержению диктатуры Колчака. Он приговорен к расстрелу, но расстрел оставлен без исполнения» деп келетін деректер бар. Бұл кезде Ж. Ақбаевты пролетариялық мемлекет тарапынан ауыр сынақтар мен қуғындар күтіп тұр еді. Кеңес өкіметі орнаған соң Семей ақ казактардан азат етілгеннен кейін Жақып Ақбаев облыстық заң мекемелері құрылысына жігерлі түрде араласады.

1920 жылғы қыркүйектен бастап Семей губервкомының әділет бөліміне басшылық қызметке келді. Ақбаевтың қатысуымен губерниялық сот тергеу учаскелері құрылады. Сол жылы Ақбаев Семей кеңестік халық сотының мүшесі қызметін атқарды. 1921-1922 жылдары ағарту бөлімінде жұмыс істейді, қазақтың ауыз әдебиеті шығармаларын жинау жөніндегі комиссиясының төрағасы болды. Қарқаралы уездік халыққа білім беру бөлімінде және Семейде әр түрлі қызметтер атқарды.

1925 жылдың наурызында Губком мен Губматком Губ. соттың конструкторлық тексеру бөлімінің меңгерушісі және заптағы судья міндетін атқару үшін Губ. ішкі істер органына жіберіледі. Денсаулығына байланысты 1927 жылы қазан айында қазақ халқының тарихын зерттеу және ауа райы жайлы оңтүстікте тұру үшін Қызылорда қаласына барады. Онда да большевиктердің «құрыш қолы» оны алқымынан қатты қысады. Сол уақытта Жақып Ақбаев бірер жыл жұмыссыз жүреді.

геу ісінің құжаттары мен материалдарының» 2-томында (Құраст.: М.Қойгелдиев, З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. Алматы: «ЛЕМ» баспасы, 2023. – 506 бет): «Об освобождении из под стражи по состоянию здоровья от 29 августа 1931 г.» деген деректер бар. Жақып Ақбаев осы шешімге сай емделу үшін Алматыға келеді. Қалаға келген соң біраз уақыт өткеннен кейін қайраткер ауруынан 1934 жылы 4 шілдеде қайтыс болды. Ақын Дәулеткерей Кәпұлы «Соңғы Алаш» атты өлеңінде:

«...Көкбөрілік киemen тартып туған қанына, Данам қайда бұл күнде дақ түсірмес арна. Алаш жұрты жиылып, Тәңіріне тәубе айтты, Улы Мағжан жұртында тірі Алаштың барына», – деп жырлаған («Жарар» порталы, 20.05.2022).

Жақып Ақбаевтың өміріндегі қиындықтар оның рухын сындырмады. Өйткені, оның өмірі күреске толы мағыналы өмір еді. Ол өз заманының озық ойлы, білімді, батыл тұлғалардың бірі болған. Сонымен қатар, ол Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері ретінде де белгілі. Оның идеялары бүгінгі күні де өзекті, себебі құқықтық мемлекет құру, азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері қай ғасырда да маңызды.

Шара БОЗДАҚОВА,
«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК
Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің ғылыми қызметкері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Баку I түркология құрылтайының 100 жылдығында: түркология және түркі әлемі» атты халықаралық симпозиум өтті.

БАКУ ҚҰРЫЛТАЙЫ – 100 ЖЫЛ:

ҒАЛЫМДАР ТҮРКОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Тарихқа көз жүгіртсек, 1926 жылы Баку қаласында алғаш рет түркология саласының ғалымдары мен сарапшылары бас қосқан болатын. Бұл жиын түркі әлемінің ғылымы, әліпбиі, тілі мен мәдениетін дамытудағы ең ірі тарихи оқиғалардың біріне айналды. Құрылтай жұмысына Ахмет Байтұрсынұлов, Нәзір Төреқұлов, Елдес Омаров секілді қазақ зиялылары қатысып, қазақ тілі білімінің дамуына негіз қалады. Бүгінде ҚазҰУ-да өтіп жатқан ауқымды ғылыми шара осы Баку түркология құрылтайының 100 жылдығына арналды.

Симпозиум жұмысына ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күршімбаев, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Қубанычбек Өмүралиев, Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, ТҮРКСОУ бас хатшысы Сұлтан Раев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Әзірбайжан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, АҚШ және Оңтүстік Кореядан келген түрколог ғалымдар, халықаралық ұйымдардың басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, зерттеушілер мен сарапшылар қатысты.

Іс-шарада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Мәлік Отарбаев оқыды. Хатта: «Арада бір ғасыр уақыт өтсе де, өзінің тарихи маңызы мен бірегейлігін жоймаған Баку құрылтайы – бауырлас халықтардың ғылыми, мәдени және рухани тұтастығына берік іргетас қалаған айтулы белес. Осынау тарихи жиында күн тәртібіне қойылған ортақ әліпбиі қалыптастыру, тіл бірлігі, мәдени мұраны түгендеу және ғылыми ықпалдастықты тереңдету мәселелері бүгінгі жаһандану дәуірінде де өзінің өзектілігін толық сақтап отыр. Алматы төрінде бас қосқан халықаралық симпозиум ата-бабаларымыздың ғылыми мұрасын заманауи пайыммен қайта зерделеуге, түркологияның жаңа бағыттарын айқындауға және ортақ интеллектуалды кеңістікті дамытуға зор серпін береді деп сенемін», – делінген.



Халықаралық шарада ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орнында түркітану саласын дамыту бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

«Қазіргі XXI ғасырда тілдік мұраны сақтау тек архив пен кітапта ғана емес, жасанды интеллект жүйелері мен цифрлық платформаларда жалғасуы тиіс. Осы ретте, университетте іске қосылған жоғары өнімді суперкомпьютерлік кластер үлкен деректерді өңдеуге және цифрлық гуманитаристика саласын ілгерілетуге жаңа серпін берді. Ортақ мұраны ұлықтау мақсатында университетімізде Түркітану және алтайтану институты, Жазба жәдігерлер орталығы жемісті жұмыс істеп келеді. Өткен жылы ашылған академик Әбдуали Қайдар атындағы Халықаралық түркі мәдениеті және мұрасы орталығы бауырлас елдердің академиялық ықпалдастығын жаңа деңгейге көтерді», – деді ректор.

Өз кезегінде Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев түркология ғылымының дамуындағы жаңа ғылыми бағыттар мен түркі әлемінің интеллектуалдық интеграциясының маңызына тоқталды.

«Жаһандану үдерісі қарқын алған сайын түркі әлемінің ортақ құндылықтарын ғылыми тұрғыдан зерттеу, сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу бұрынғыдан да

маңызды бола түсуде. Қазіргі таңда түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілуде. Бұл үдерісте түркология ғылымының рөлі айрықша. Ортақ тарих, тіл, әдебиет, терминология, этнография және мәдени мұра салаларында жүргізіліп жатқан зерттеулер бауырлас халықтар арасындағы ықпалдастықты нығайта түсуде», – деді академик Шаһин Мұстафаев.

Елші Қубанычбек Өмүралиев түркі мемлекеттері арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтудағы академиялық ынтымақтастықтың рөліне назар аударды. ТҮРКСОУ бас хатшысы Сұлтан Раев түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын сақтау және насихаттау мәселелері жөнінде баяндама жасады. Сонымен қатар, Ақтоты Райымқұлова түркі әлемінің материалдық және материалдық емес мәдени мұрасын халықаралық деңгейде ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті.

Симпозиум аясында түркология ғылымының өзекті мәселелері, цифрлық гуманитарлық зерттеулер, жасанды интеллект пен түркологияның байланысы, түркі халықтарының әдебиеті мен фольклоры, археология, этнология, өнер тарихы, мәдени дипломатия және түркі әлемінің интеграциялық үдерістері кеңінен талқыланды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

AI-SANA ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ:

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ЖАҢА БІЛІМ МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Қазіргі қоғамда жасанды интеллект тек технология саласының жаңалығы емес, білім берудің, ғылымның және еңбек нарығының дамуына тікелей әсер ететін маңызды күшке айналды. Бүгінгі студент ертеңгі маман ретінде тек өз кәсібін жақсы меңгеріп қана қоймай, жаңа цифрлық құралдарды дұрыс қолдана білуі, ақпаратты талдай алуы және өзгермелі ортаға бейімделуі қажет. Осы тұрағандан алғанда, елімізде жүзеге асырылып жатқан AI-SANA ұлттық бағдарламасы жоғары білім беру жүйесі үшін ерекше мәнге ие.

AI-SANA бағдарламасы жасанды интеллект саласында білікті кадрлар даярлауға, студенттердің жаңа технологияларға қызығушылығын арттыруға және университеттерде инновациялық білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл бастама жастарға жасанды интеллектті тек дайын құрал ретінде емес, жаңа идеяларды жүзеге асырудың, ғылыми ізденісті тереңдетудің және кәсіби дамудың мүмкіндігі ретінде танауға жол ашады.

Жетісу университеті де осы ұлттық бағдарламаны іске асыруға белсенді қатысып келеді. Университетте білім алушылардың жасанды интеллект құралдарын оқу

үдерісінде тиімді қолдануына, цифрлық құзыреттерін дамытуына және өз саласына қажетті заманауи дағдыларды меңгеруіне жағдай жасалауда. AI-SANA аясындағы жұмыстар студенттердің теориялық білімін практикалық әрекетпен ұштастырып, олардың шығармашылық ойлауына, зерттеушілік мәдениетіне және кәсіби сенімділігіне ықпал етеді.

Ерлан ХАЙМУЛДАНОВ,
I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушысы

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ



31 МАМЫР – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ЖАЗЫЛМАС ЖАРА БОЛЫП ҚАЛҒАН ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАРДЫҢ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛАТЫН ТАҒЫМДЫ КҮН. БҮЛ КҮН – ТЕК ӨТКЕНДІ ЕСКЕ АЛУ ҒАНА ЕМЕС, ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАДІРІН ҰҒЫНДЫРАТЫН, АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДА ҚҰРБАН БОЛҒАН АРЫСТАРДЫҢ РУХЫНА БАС ИЕТІН ТАРИХИ КҮН.

ҰЛТ ЖАДЫНДАҒЫ ҚАРАЛЫ КҮН

Елімізде 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде 1997 жылдан бастап ресми түрде аталып келеді. Сол жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1997 жыл Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланды. Ал, Тәуелсіз елімізде тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған алғашқы маңызды құжаттардың бірі – 1993 жылғы 14 сәуірде қабылданған «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болды. Бұл заң жазықсыз жапа шеккен мыңдаған азаматтың есімін ақтап, олардың тағдырын зерттеуге және тарихи шындықты қалпына келтіруге жол ашты.

XX ғасырдың 20-50 жылдары қазақ даласы бұрын-соңды болмаған нәубетті бастан өткерді. Кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру саясаты, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық және жаппай қуғын-сүргін халықтың тағдырына ауыр соққы болды. Тарихшылардың дерегіне сүйенсек, Қазақстанда 125 мыңнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырап, олардың шамамен 25 мыңы ату жазасына кесілген. Сол сұрапыл жылдары ұлттық болашағы үшін күрескен қазақ зиялылары «халық жауы» деген жалған айыппен жазаланды, олардың қатарына: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин секілді Алаш қайраткерлері мен көрнекті тұлғалар атылып немесе түрмелерде азап шекті. Олар қазақтың мемлекеттілігі, тілі, білімі мен руханияты үшін күрескенімен, тоталитарлық жүйе олардың үнін өшіруге тырысты. Алайда тарих көрсеткендей, оқпен өлтірілген тұлғалардың идеясы өлген жоқ. Керісінше, олардың арманы Тәуелсіз Қазақстанның құрылуымен жүзеге аса бастады. Бүгінгі Қазақ мемлекеті – сол арыстар аңсаған азаттықтың жемісі.

Биылғы 31 мамыр күні біз де өткенге тағзым ету мақсатында Алматы қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйіне барып, Ұлт ұстазының рухына құрмет көрсеттік. Бұл қарапайым экскурсия емес, тарихпен жүздесу болды. Ең алдымен Ұлт ұстазы сабағындағы Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлт ұстазының рухына тағзым жасадық. Бұл сәт бізге Алаш арыстарының ел болашағы үшін атқарған өлшеусіз еңбегін тағы бір мәрте еске салды. Кейін музейдің дәл алдындағы алаңда қойылған Ахмет Байтұрсынұлы мен Алаш қайраткерлерінің портреттерімен таныстық. Портреттерге көз жүгірткен сайын олардың азаттық жолындағы күресі, ұлт мүддесі үшін көрген қиындықтары мен қайсарлығы терең әсер қалдырды. Бұл көрініс Тәуелсіздіктің оңай келмегенін және Алаш мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін маңызын айқын сезінді.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ағартушы, реформатор, Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі. Ол қазақ халқының ұлттық санасын оятуға өлшеусіз үлес қосты. Қазақ әліпбиін жетілдіріп, оқулықтар жазып, ұлттың рухани дамуына

қызмет етті. Бірақ, осындай еңбегіне қарамастан, 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, ату жазасына кесілді.

Музей қабырғасында сақталған әрбір жәдігер өткен ғасырдың ауыр кезеңінен үн қатқандай әсер қалдырды. Ғалымның қолжазбалары, тұрмыстық бұйымдары, фотосуреттері мен тарихи құжаттары сол заманның шындығын көз алдыға әкеледі. Әсіресе, оның тағдыры арқылы бүтін бір ұлт зиялыларының қандай қасіретке душар болғанын терең сезінуге болады.

Қуғын-сүргін тек жекелеген тұлғаларды ғана емес, тұтас халықты күйретті. Қазақстан аумағында Қарлағ, АЛЖИР, Степлаг сияқты лагерьлер құрылып, мыңдаған адам жазықсыз қамауға алынды. Қарағанды еңбекпен түзеу лагері (Қарлағ) – КСРО-дағы ең ірі лагерьлердің бірі болды. Оның аумағы шамамен 1,7 миллион гектар жерді қамтыды. Ал, АЛЖИР лагері «Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагері» деген атаумен белгілі. Мұнда жазықсыз сотталған азаматтардың жұбайлары мен жақындары қамауда ұсталды.

Түрлі этностар күштеп жер аударылып, қазақ жері саяси жер аударылғандардың мекеніне айналды. Зерттеушілердің мәліметінше, қуғын-сүргін жылдары Қазақстанға миллиондаған адам күштеп көшірілген. Бүгінгі ұрпақ үшін бұл күннің маңызы ерекше. Себебі, тарихи жады жоғалған жерде ұлттық сана әлсірейді. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу – өткенге өкініп қарау емес, болашаққа жауапкершілікпен қарау. Бұл – еркіндік пен әділеттің бағасын түсіну, Тәуелсіздіктің оңай келмегенін ұғыну.

31 мамыр бізге бір шындықты еске салады: халықтың болашағы үшін күрескен тұлғаларды ұмытқан ұлт өзінің тарихынан айырылып қалады. Сондықтан, Алаш арыстарының аманатына адал болу – бүгінгі буының қасиетті міндеті.

Қорытындылайтын болсақ, жазықсыз атылғандардың рухы алдында тағзым ету – өткенге құрмет, келешек алдындағы азаматтық парыз. Ұлттық азаттығы жолында құрбан болған Арыстардың есімі халық жадында мәңгі сақталады. Қуғын-сүргін құрбандарын ақтау және олардың есімдерін тарихи жадыда жаңғырту бағытындағы жұмыстар бүгінде де жалғасып келеді. Тәуелсіз Қазақстан тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге ерекше мән беріп отыр. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз», – деп атап өткен болатын. Бұл сөздер өткен тарихқа құрмет көрсету мен келешек ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің маңызын айқын аңғартады.

Еркеназ ЖАНҒАЛИ,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың I курс студенті, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің жанындағы «Тіл – құрал» оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу орталығының практиканты

1 маусымда Қазақстанға Чехия Республикасынан керқұланның (Пржевальский жылқыларының) кезекті тобы жеткізілді. Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Баспасөз қызметі хабарлады.

2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАНҒА 40 КЕРҚҰЛАН ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Тарихи тұрғыдан керқұлған Қазақстан аумағында мекендеген және Қазақстан далаларының табиғи мұрасының бір бөлігі. Алайда, XX ғасырдың ортасына қарай бұл түр жабайы табиғаттан жойылып кетті. Оны қалпына келтіру халықаралық сақтау және реинтродукция бағдарламаларының арқасында мүмкін болды.

Бүгінде Қазақстан осы бірегей түрді өзінің тарихи мекендеу ортасына қайтару бойынша ауқымды бағдарламаны жүзеге асырып жатыр.

Жоба Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, Прага хайуанаттар бағы, «Тирпарк Берлин» хайуанаттар бағы, Қазақстанның биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығы, Франкфурт зоологиялық қоғамы және басқа да халықаралық серіктестермен бірлесіп жүзеге асырылып жатыр.

Қазақстан мен Прага хайуанаттар бағы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға сәйкес, 2029 жылға дейін Қазақстанға 40 керқұлған жеткізу жоспарланған. 2024 және 2025 жылдары «Алтын Дала» резерватына жануарлардың алғашқы екі тобы әкелінген. Ал, биылғы жылдың мамыр айында бұрын жеткізілген жануарлардың бір бөлігі алғаш рет жабайы табиғатқа жіберілді.

Жобаның негізгі мақсаты – Орталық Қазақстан далаларында кертағының тұрақты популяциясын қалыптастыру және дала экожүйелерін қалпына келтіру.

Жобаны іске асыру Қазақстан үшін үлкен маңызға ие. Ол биологиялық әртүрлілікті сақтауға, тарихи тұрғыдан жоғалған жануарлар түрлерін қалпына келтіруге, табиғат қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және еліміздің дала экожүйелері мен сирек кездесетін жабайы жануарларды қорғау ісіндегі көшбасшы мемлекет ретіндегі беделін арттыруға ықпал етеді.

Тарих ұлттың жадында қатталған тағдыр. Ал сол тағдырдың ең қасіретті беттерін ұмытпау бүгінгі ұрпақтың рухани парызы. 31 мамыр – Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында Қаныш Сәтбаев университетінде өткен «Халық қасіреті – жадымызда» атты тағылымды дөңгелек үстел де дәл осы ұлт жадысын жаңғыртуға бағытталған маңызды рухани алаңға айналды.

«ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІ – ЖАДЫМЫЗДА»:

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ТАҒЫЛЫМ МЕН ТАРИХИ ЗЕРДЕ



Индира БІРЖАНСАЛ

Іс-шараны университеттің Қоғамдық пәндер кафедрасы мен ғылыми кітапхана бөлімі ұйымдастырды. Кездесудің басты мақсаты – ел тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болған ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, өткеннің қасіретін ұмытпау, тарихтан тағылым алу және жас ұрпақтың бойына отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру болды. Қаралы тарихтың қасіретін жүрекпен сезіну, азаттық үшін құрбан болған арыстар рухына тағзым ету, өткеннен сабақ алып, келешекке сергек қарау жынның негізгі өзегіне айналды. Дөңгелек үстел барысында ғалымдар, алаштанушы зерттеушілер, оқытушылар мен қоғам қайраткерлері тарихи зұлматтың себеп-салдары, Алаш арыстарының мұрасы, ұлттық жады мен тәуелсіздік тағылымы туралы мазмұнды пікірлер айтты. Кейде бір халықтың тағдырын түсіну үшін бір ғана тарихи дерек жеткілікті. Оны жүрекпен сезіну қажет. Осы тұрғыдан алғанда, Сәтбаев университетіндегі бұл келікті кездесу құрғақ баяндамадан гөрі ұлттық жан жарасын ұғындырған рухани сұхбат іспетті өтті. Әрбір айтылған ой, әр пікір өткеннің өкінішін ғана емес, болашақ алдындағы жауапкершілікті де терең сезінді.

Кездесудің модераторы – Сәтбаев университетінің аға оқытушысы Тұрлыбек Сәлімұлы. Ал кіріспе сөз сөйлеген Е. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару институты директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Нұғыманов Шындауыл Елмуратұлы тарихи сананы жаңғырту ұлт болашағы үшін аса маңызды міндет екенін атап өтті. Жиында негізгі пікір білдірушілер қатарында Ф. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің қауымдастырылған профессоры, Мемлекет басшысының жарлығымен құрылған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі» мемлекеттік комиссиясының мүшесі Қабдөшев Болат Жоламанұлы сөз сөйлеп, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Өткенін ұмытқан ұрпақтың болашағы бұлдыр. Ұлттың рухын сақтайтын ең үлкен күш тарихи жады мен азаттық жолында құрбан болған арыстарға деген құрмет, – деп пікір білдірді Сәтбаев университетінің профессоры, алаштанушы ғалым Досалы Исаханұлы.

Алаш зиялыларының ұлт руханиятындағы орны туралы кеңінен әңгімелеп, жастарды тарихи танымға терең қарауға үндеді. Жиында Сәтбаевтанушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, университеттің тарихи музейінің бас маманы Аспандияр Әденұлы, желтоқсаншы, аға оқытушы Ермахан Серікбайұлы да тарихи кезеңдердің тағылымы жөнінде мазмұнды ойларымен бөлісті.

Кездесуге қатысқан студент жастардың белсенділігі де ерекше байқалды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті, «Qyr balasy» қоғамдық қорының мүшесі Сәдір Мансұр мен Сәтбаев университетінің студенттері Мұрат Илияс, Бақыт Жұмайбеков тарихи тақырыптарға қатысты пікір білдіріп, өз ойларын ортаға салды. Бұл жастардың ел тарихына бейжай қарамайтын саналы буын болып қалыптасып келе жатқанын аңғартты. Жиынға қатысушылар өткенді ұмытпай, ұлт басынан өткен ауыр кезеңдерді кейінгі ұрпақ санасында сақтау, тарихи әділет пен рухани жауапкершіліктің маңызды көрінісі екенін ерекше атап өтті. Осындай тағылымды кездесулер жастардың ұлттық құндылықтарға құрметін арттырып, елге адал қызмет етуге тәрбиелейтін де айтылды.

Кездесу соңында қатысушылар халқымыз бастан өткерген нәубет жылдарының тарихи ешқашан ұмытылмауы тиіс екенін тағы бір мәрте еске салды. Себебі, өткеннің қасіреті бүгінгі тәуелсіздіктің қадірін терең сезінуге жол ашатын үлкен сабақ. Ұлт руханиятын сақтау, тарихи сананы жаңғырту келер ұрпақ алдындағы ортақ парыз болып екені кеңінен айтылды. Сәтбаев университетінде өткен бұл тағылымды басқосу өткенге тағзым жасап қана қойған жоқ, жас ұрпақтың санасына елдік пен еркіндіктің бағасын сіңірген маңызды рухани мектепке айналды. Студент жастардың тарихқа деген қызығушылығы мен белсенді пікір жиынының мазмұнын тереңдетте түсті. Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін жылдары қазақ халқының жүрегіне жазылмас жара салғанымен, сол зұлматтан аман қалған елдің рухы бүгінгі Тәуелсіздіктің темірқазығына айналды. «Халық қасіреті – жадымызда» атты тағылымды кездесу де осы тарихи шындықты жас ұрпақтың санасына терең сіңірген рухани алаң болды. Өткеннің ауыр сабағын ұмытпау, болашақ алдындағы жауапкершілік. Себебі, тарихи жады әлсіреген жерде ұлттық сана да көмескі тартады. Ал, Алаш арыстары аңсаған азаттықтың қадірін ұғыну үшін ұлт басынан өткен нәубетті кезеңдерді жүрекпен сезіне білу қажет.

Осындай мазмұнды кездесулер елдік рухты бекемдеп, жастардың бойына тарихқа құрмет, Отанға адалдық, ұлтқа жанашырлық секілді асыл қасиеттерді сіңіреді. Тарихын таныған ұрпақ қана тамырынан ажырамайды. Ал, тамырын ұмытпаған халықтың рухы ешқашан әлсіремек емес. Осындай мазмұнды кездесулер ел жадындағы қасіретті көмескілетпей, Тәуелсіздіктің қадірін тереңірек ұғындыратын рухани шамшырақ болып қала бермек.





АҚЫЛДЫ КӨЗІЛДІРІКТЕР

Google өзінің ақылды көзілдіріктерін таныстыруға дайындалуда. Компания Google Android XR платформасын Samsung және Qualcomm компанияларымен бірлесіп дамытып жатыр екен.

Көзілдірік екі түрлі болмақ. Біріншісі динамиктер арқылы ақпарат ұсынады, ал екінші түрі ақпараттарды тікелей көз алдыңызға шығарады. Биыл күзде көзілдіріктердің алғашқы нұсқасы шығарылады. Көзілдірікте Gemini болмақ. Оны дауыс арқылы іске қосуға болады. Көзілдірік пайдаланушының қай жаққа қарап тұрғанын түсінеді. Көз алдыңыздағы мейрамхана туралы ақпарат алуға, жол белгісін тануға, ғимарат немесе басқа зат туралы ақпарат алуға болады екен. Навигация да тікелей көз алдыңызда жұмыс істейді. Қайда бара жатқаныңызды енгізіп, бағытқа қатысты нақты нұсқаулықты алып отырасыз. Осылайша, әлем қарқынды түрде дамып жатыр. Қазір түрлі көзілдірік бар ғой. Жақында ғана бір депутат камерасы бар көзілдірік тағып келіп, басы дауға қалып еді. Ал, мына ақылды көзілдіріктер адамзатқа үлкен мүмкіндіктер сыйлайтын сияқты. Саяхат үшін алуға да болады. Тарихи ғимараттар туралы мәліметтерді алуға әдемі екен. Ғимаратқа қарап тұрып, қашан салынғаны, кім салғаны, ғимараттың ішінде/маңында қандай оқиға болғаны, қандай тұлға тұрғаны жайлы қысқаша мәлімет алсаң керемет қой.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ

ХАБАРЛАҢДЫРУ

«Qazaq» газетінің ұжымы үш апталық шығармашылық демалысқа шықты. Осыған байланысты газетіміздің келесі саны 1 шілде күні жарық көреді.

ҚҰЛАҚТАҢДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, естелік, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз: +7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

«QAZAQ» ГАЗЕТИ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?

«Qazaq» газеті Алматыда:

- «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде;

- «Сайран» халықаралық автобекетінде;

- Алматы метрополитенінің «Жібек жолы», «Амалы», «Абай», «Байқоңыр», «Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу» бекеттерінде тегін таратылады.



«Qazaq» газеті Астана мен Алматыда:

- «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады.



САУД АРАБИЯСЫ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІНЕ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ БИЛЕТІН ТЕГІН ТАРАТА БАСТАДЫ

Сауд Арабиясының футбол федерациясы өз жанкүйерлеріне 2026 жылғы футболдан Әлем чемпионатының билеттерін тегін тарата бастады. Бұл туралы британдық The Sun басылымы хабарлады.

Басылымның мәліметінше, мұндай шешімге ФИФА тарапынан турнир ойындарына көрермендердің аз келуі мүмкін деген алаңдаушылық себеп болған. Айтпа кетейік, 2026 жылғы футболдан Әлем чемпионаты АҚШ, Канада және Мексикада өтеді. Турнир тарихында алғаш рет оған 48 ұлттық құрама қатысады.

ANAMED FORUM — NEW GENERATION-2026:

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИЦИНА ДӘУІРІ



Индира БІРЖАНСАЛ

Осындай өзгерістер кезеңінде Алматыда өткен «ANAMED Forum – New Generation-2026» халықаралық форумы медицина, ғылым және білім саласының болашағына бағытталған маңызды пікір алаңына айналды. Был форумға әлемнің 23 елінен 1550-ден астам қатысушы жиналды. Алматы төріне Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия және өзге де мемлекеттерден жетекші ғалымдар, білікті дәрігерлер, халықаралық сарапшылар, жас зерттеушілер мен технологиялық стартап өкілдері келді. Форум аясында заманауи медицина, жасанды интеллект, биотехнология, медициналық білім беру, ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобалар кеңінен талқыланды. Басты мақсат – жасанды интеллект пен персоналдандырылған медицинаның мүмкіндіктерін тәжірибемен ұштастырып, адам денсаулығына қызмет ететін нақты шешімдерді ұсынуында.

Бүгінде бұл форум Орталық Азиядағы медицина, ғылым және білім саласын тоғыстырған ең ірі халықаралық платформалардың біріне айналып келеді. Алқалы жиын жаңа буын ғалымдары мен дәрігерлеріне тәжірибе алмасуға қана қоймай, болашақ медицинаның даму бағытын айқындауға мүмкіндік бермек.

Форумның басты тақырыбы – «AI-Driven Personalization: Medicine & Education». Бүгінде бұл бағыт жаһандық денсаулық сақтау жүйесінің даму бағдарын айқындап отырған маңызды үрдіс. Жасанды интеллект технологиялары диагностикадан бастап хирургиялық жоспарлау, онкология, кардиология, педиатрия, акушерия, медициналық білім беру мен клиникалық шешім қабылдау жүйесіне дейін кеңінен енгізіліп келеді.

Осы тұрғыдан алғанда «ANAMED Forum – New Generation-2026» тек ғылыми пікір алмасу алаңы ғана емес, болашақ медицинасының жаңа моделін қалыптастыратын кәсіби әрі стратегиялық платформа ретінде ерекшеленеді. Мұнда медицина мен цифрлық технологияның тоғысындағы тың шешімдер ұсынылып, адам денсаулығын сақтаудың жаңа мүмкіндіктері талқыланды.

Форумның салтанатты ашылуында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова жасанды интеллектінің қазіргі әлемдік медициналық тәжірибеде айрықша маңызға ие болып отырғанын атап өтті. Министрдің айтуынша, цифрлық технологиялар денсаулық сақтау саласының сапасын арттырып қана қоймай, дәрігер мен пациент арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, форум аясында халықаралық сарапшылар медицинаның болашағы деректерге негізделген дәл диагностика мен жеке адамға бейімделген емдеу тәсілдерімен тығыз байланысты екенін айтты. Бұл – медициналық көмектің тиімділігін арттырып, адам өмірінің сапасын жақсартуға бағытталған жаңа кезеңнің бастамасы.

Жасанды интеллект болашақтың технологиясы болудан қалып, заманауи медицинаның нақты жұмыс құралына айналып келеді, – деді форумның ашылуында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова.

Министрдің айтуынша, бүгінде AI-құралдары диагностика, радиология, онкология, кардиология, қоғамдық денсаулық сақтау және медициналық білім беру салаларында кеңінен қолданылып жатыр. Бұл технологиялар ауқымды деректер қорын жедел талдауға, ауруларды ерте кезеңде анықтауға, ықтимал тәуекелдерді

Бүгінде медицина тек ақ халатты мамандардың кәсібі ғана емес, озық технология мен жасанды интеллект тоғысқан стратегиялық салаға айналып отыр. Әлемдік денсаулық сақтау жүйесі цифрлық дәуірге қадам басқан шақта адам өмірін сақтаудағы жаңа мүмкіндіктер күн сайын кеңейіп келеді.

бағалауға және болашақ дәрігерлер үшін жекелендірілген білім беру траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ал, ҚазҰМУ ректоры Марат Шоранов ANAMED Forum-ның басты мақсаты тек технологиялық трендтерді талқылаумен шектелмейтінін атап өтті. Оның айтуынша, форум аясында жасанды интеллект, персоналдандырылған медицина және клиникалық сараптама пациент игілігі үшін тоғысатын денсаулық сақтау жүйесінің жаңа келбеті қалыптасып келеді. Екі күнге жоспарланған халықаралық форум барысында ҚазҰМУ алаңында 17 секциялық отырыс пен 3 деңгейде үстел ұйымдастырылып, 500-ден астам ғылыми баяндама ұсынылды.

Бүгінде жасанды интеллект дәрігерлердің күнделікті тәжірибесіне батыл еніп келеді. Ол диагнозды дәлірек қоюға, емдеу алгоритмдерін тиімді құруға және оларды әлемдік үздік тәжірибелермен салыстыруға мүмкіндік береді. Әрине, біз жасанды интеллекттің барлық мәселенің шешімі емес екенін жақсы түсінеміз. Алайда, ол маманға диагнозды анағұрлым дұрыс, жылдам әрі дәл қоюға үлкен көмек береді. Жасанды интеллект ешқашан дәрігерді алмастырмайды. Бірақ, жасанды интеллектті тиімді қолдана білетін дәрігер, оны қолданбайтын дәрігерден озық болады, – деп атап өтті Марат Шоранов.

«ANAMED Forum – New Generation-2026» бүгінгі медицинаның тынысын танытып қана қоймай, болашақ денсаулық сақтау жүйесінің даму бағытын айқындайтын маңызды халықаралық алаңға айналып отыр. Форум бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі – денсаулық сақтау мен медициналық білім беру саласына арналған AI-шешімдерді әзірлеуге бағытталған ANAMED AI Challenge хакатоны болды. Финалдық кезеңге Қазақстан, Қытай, Қырғызстан және Өзбекстаннан келіп түскен 75 өтінімнің ішінен іріктелген үздік 10 жоба жолдама алды. Бұл жас дәрігерлердің, ғалымдар мен IT-әзірлеушілердің медицина саласына ұштастырылған шешімдер ұсынып, ғылым мен инновацияны ұстағыра бастағанын аңғартады. Форум аясындағы тағы бір маңызды алаң – ғылым қорымен бірлесіп ұйымдастырылған технологияларды коммерциализациялау реакторы.

Мұнда медициналық технологияларды дамытуға, ғылыми стартаптарды қолдауға және зерттеу нәтижелерін практикалық денсаулық сақтау жүйесіне енгізуге бағытталған 14 инновациялық жоба таныстырылды. Бұл бастамалар ғылымның зертханашенберінде қалып қоймай, нақты қоғам игілігіне қызмет етуіне жол ашпақ.

Бүгінде университет тек білім ордасы ғана емес, ғылым, клиника, цифрлық технология мен жастар бастамалары тоғысқан, медицина үшін нақты шешімдер қалыптасатын ірі экожүйеге айналып отыр. Ең бастысы, осы форумда болашақ медицинаны сырттай бақылап жүрген мамандар емес, оны бүгіннен бастап жасап жатқан жаңа буынның басы қосылды. Жасанды интеллект пен адамзат денсаулығының тоғысындағы жаңа кезең дәл осы ҚазҰМУ алаңында бастау алғандай әсер қалдырды.

Форум барысында ұсынылған ғылыми жобалар, AI-шешімдер мен инновациялық бастамалар медицина саласының жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетті. Ең маңыздысы, бұл алаңда болашақ туралы жай сөз айтылған жоқ. Мұнда сол болашақты бүгіннен бастап жасап жатқан ғалымдар, дәрігерлер мен жас мамандардың идеялары тоғысты. ҚазҰМУ қабырғасында бастау алған бұл халықаралық форум Қазақстанның медициналық ғылым мен технология саласындағы әлеуетін әлемге тағы бір мәрте танытып, жаңа буын медицинасын қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың біріне айналды.

ИНДЕКСІ – 64048



2011 ЖЫЛЫ «QAZAQ» ГАЗЕТИ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ЖҮЛДІЗ» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ



• МЕНШІК ИЕСІ «МИРАС ИНФО» ЖШС

• ҚҰРЫЛТАЙШЫ МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ

• БАС ДИРЕКТОР ҚАЛИ ҚАМБАРОВ

• БАС РЕДАКТОР ЖАСҰЛАН СҰЛТАН

• БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ +7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88

qazaq1913gazeti@gmail.com

• РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, А25D6G7, ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ, №128, «ТЕРЕҢҚҰР» ТК, 5-ҚАБАТ, 128-КЕҢЕС

• АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ НАҒЫТАЙ ӘБІТАЙҚЫЗЫ КЕҢЕС ҰШПАЕВ ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА СӘБИТ БАЙЗАҚОВ САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ СЕРІК ШАЙМАН КӨБЕЙСІН АЛТЫНБЕКОВ

• КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР ИНДИРА БІРЖАНСАЛ

- Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы №17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді (Алғашқы есепке қою №6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды).
- Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен №267 санынан қайта шықты.
- Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/тіліне жауап бермейді.
- Газет әр аптаның сәрсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым арқылы және Алматыда «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады. Бағасы «Караван» дүңгіршектерінде 80 теңге.

А Жариялану ақысы төленген мақалалар.

• ГАЗЕТ «АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АҚ (Алматы қ., Мұқанов к-сі, 223«В»), «ӨМІР-НҰР» ЖШС (Талғар қ., Қонаев к-сі, 18) БАСПАХАНАЛАРЫНДА БАСЫЛДЫ

• Тапсырыс №1201/41

• Таралымы 10 000 ДАНА

